Тұлға мәдениеті білімді, тәжірибені жинақтау мен оны іс-әрекет пен жүріс-тұрысында сапалы түрде іске асырудың біртұтас үдерісі ретінде көрінеді. Тұлға мәдениеті әлеуметтік құндылықтарды жасау мен игерудің жай-күйі, және нәтижесі, әрі өнімді үдерісі болмақ.

Ол барлық компоненттерді дамыту мен олардың үйлесімділігін, олардың іс-әрекетте тұтастықта қалыптастыруды жорамалдайды.

Болашақ мұғалім тұлғасының мәдениетін қалыптастыру тәрбиелеу мен білім берудің өзекті міндеті ретінде әлеуметтік және ғылыми мәнге ие көпәспектiлi проблема ретінде қарастырылады. Бұл жаңа мәдениеттанушылық және педагогикалық ойлауды, әрбір студенттің дербестігіне гуманитарлық ықпалдастықты талап етеді.

Студенттер тұлғасының мәдениетін қалыптастыру – бұл құндылықтар жүйесін (материалдық және рухани) қалыптастыру үдерісі; тәрбиелеу мен оқыту үдерісі ықпалымен оның саналы іс-әрекетінде тұлға қабілеттілігін ашу мен дамыту.

Педагогтар тұлғасына қойылатын әлеуметтік талаптар әрбір онжылдықта жаңартылып отырады, сондықтан университет түлегінің іс-әрекеті бірнеше ондаған жылдар өткеннен кейін де заманауи қоғамның әлеуметтік даму динамикасына жауап бере алатындай болуы үшін заманауи мұғалімге «жоғарылатылған» талаптар қою қажет.

Білім беру саласында болашақ мұғалімнің мәдениетін қалыптастыру проблемасы жастардың саяси, экономикалық және әлеуметтік жетілгендігінің қалыптастыру күрделілігін: студенттердің рухани мұқтаждықтарын дамытудағы жеткіліксіз біртұтастық пен ырғақтылық, адами қасиеттен ада іс-әрекеттерге адалдық көрсету, адамға деген немқұрайдылық, талапкерлердің белгілі бөлігінің төменгі мәдени деңгейі, бітірушілердегі оның елеусіз ғана артуы және т.б. сипаттайды.

Тәрбиелеуді ізгілендіру жоғары оқу орнында болашақ мұғалім белсенді таным, қарым-қатынас және шығармашылық іс-әрекеттің белсенді субъектісі бағытынан табылатындай оқу-тәрбие үдерісін құрастыруды шамалайтындығын атап өту қажет.

Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалім тұлғасы мәдениетін қалыптастырудың негізгі қағидаларын атап өтейік. Жетекші қағида тұлғаны жалпымәдени, әлеуметтік-адамгершілік және кәсіби тұрғыда үздіксіз дамыту қағидасы болып табылады. Бұл қағида студент тұлғасын ырғақты дамыту технологиясын дамыту, олардағы өзін-өзі дамытуға қажеттіліктерін қалыптастыру, жалпы және кәсіби тұрғыда жетілу, кәсіби және адами өзін-өзі тәрбиелеу әдістерімен жасақтануды білдіреді.

Болашақ мұғалім тұлғасының мәдениетін қалыптастыру келесі компоненттерді біріктіруді талап етеді;

1) педагогикалық қарым-қатынас үдерісінде студентке педагогтың тұлғалық ықпалдастығы;

2) студентке жоғары оқу орны ұжымының тұтастай тіршілік әрекеті мен студенттік топтардың мәдени ықпалдастығы;

3) студенттің жеке әлеуметтік іс-әрекетінің, оның өзін-өзі басқаруға қосылғандығының қалыптастырушы ықпалдастығы;

Жоғары мектепті реформалау мақсаттары, тәрбиелеу мен білім беру міндеттері, қағидалары болашақ мұғалім тұлғасының мәдениетін қалыптастыру бағыттарын, мазмұнын, формалары мен әдістерін анықтайды.

Жоғары оқу орны тәжірибесіне айналатын мәдениетті қалыптастыру қағидаларының өзара байланысы мен бірлігі аудиториядан тыс жұмыстардың тәрбиелеу тиімділігінің сенімді алғышарты болып табылады. Білім беруді жаңарту идеяларын, студент тұлғасы мәдениетін қалыптастыру қағидаларын іске асыру мәнінде тәрбиелеу мазмұнын қарастыру қажет.

Жаңа идеяларды, қағидаларды, тәрбиелеу формалары мен әдістерін іздестіру мен сынап көру – жоғары оқу орны педагогикасының негізгі ережелерін қайта тұжырымдау, тереңдету, жаңарту айғағы.

Білім беру парадигмаларын өзгерту нәтиже ретінде тәрбиелеуші ықпалдастықтар сапасын, ұйымдастыру құрылымдары мазмұны мен формасын, тәрбиелеу инфрақұрылымын, оқытушылар мен студенттердің тұлғааралық қарым-қатынас стилін өзгерту жолдарының қалыптан тыс үлгілерін іздестіру орын алады.

Педагогикалық қарым-қатынаста студентке оқытушының тұлғалық сапалары мен оның

іс-әрекеттері ықпал көрсетеді, бұл студенттің өзінің жеке идеалдарымен арақатынасады. Студент ұғым-түсініктері мен оқытушы тұлғасының сәйкес келмеуі мұғалімнің барлық педагогикалық күш-жігерін жойып жіберуі мүмкін. Бір адамның екінші адамға ықпал көрсету нәтижесі (бұл жағдайда оқытушының студентке) олардың ішкі, тұлғалық қасиеттерімен жанамаласады.

Болашақ мұғалім тұлғасы мәдениетіне адам құзыреттілігін де жатқызуға болады.

Осы жағдайларда педагогтың ықпал етуінің шешуші және негізгі құралы студенттер іс-әрекетін (дербес, топтық, ұжымдық) ынталандыру болып табылады.

Олардың іс-әрекетін ұйымдастыру сапасына тәрбиелеу тиімділігі мен сапасы, ықпал ету дәрежесі тәуелді болады.

Құзыретті адам әлеуметтік және табиғи даму үдерістерінің күрделі динамикасын ұғынуы, оларға ықпал етуі, әлеуметтік өмірдің барлық салаларында барабар бағыттала алуы тиіс. Сонымен қатар, адам өзінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін бағалау, барлық болып жатқан нәрселерге және өзіне қатысты оқиғаларға жауапкершілікте болу дағдысын иеленуі тиіс [3].

Жоғары және кәсіби білім саласында болашақ маманның мәдениетін қалыптастыру проблемасы мен жастардың саяси, экономикалық және әлеуметтік жетілгендігінің қалыптастыру күрделілігін: студенттердің рухани мұқтаждықтарын дамытудағы жеткіліксіз біртұтастық пен ырғақтылық, адами қасиеттен ада іс-әрекеттерге адалдық көрсету, адамға деген немқұрайдылық, талапкерлердің белгілі бөлігінің төменгі мәдени деңгейі, бітірушілердегі оның елеусіз ғана артуы және т.б. сипаттайды.

Тәрбиелеуді ізгілендіру мен демократизациялау оқытушы мен студенттің бірлескен шығармашылық іс-әрекетінің жаңа тәсілдерін іздестірумен бірінші кезекте байланысты, студенттерді үйлесімді дамыту, оның шығармашылық әлеуетін байытудың алғышарты ретінде көрінеді. Ол жоғары оқу орындарындағы болашақ маман таным, қарым-қатынас пен шығармашылық іс-әрекеттің белсенді субъектісі бағытынан табылатындай оқу-тәрбие үдерісін құрастыруды шамалайды.

Ізгілендіру студент өмір қалпының маңызды сипаттамасын құрайды. Және, ақыр аяғында, ізгілендіру – бұл жоғары мектептегі педагогикалық үдерістің полисубъектілік мәнін айғақтайтын жаңа педагогикалық ойлаудың маңызды элементі.

Осыған байланысты жоғары оқу орындарындағы педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудағы негізгі талаптарды айқындайтын, оның бағыттарын көрсететін, ақыр аяғында педагогикалық үдерісті құрастыруда шығармашыл түрде әрекет жасайтын жоғары оқу орнындағы болашақ педагогтарды даярлаудың жаңа стратегиясы қағидаларын анықтау қажет [4].

Педагогтарды даярлаудың жаңа стратегиясы қағидаларын айқындау өткен дәуірлердің педагогикалық ойларын ғылыми тұжырымдау мен алдыңғы қатарлы озық заманауи педагогикалық тәжірибені талдап қорыту нәтижесі болып табылады. Олар шынайы негізге ие, оқытушылар мен студенттер арасындағы заңды байланыстарды айқындайды.

Қағидалар ерекшеліктерінің мәнділігі кәсіби білімдердің біршама мазмұнын беріп, оларға сай шеберліктерді қалыптастырудан ғана емес, сондай-ақ студенттер мен оқытушылардың бірлескен тұлғалық және кәсіптік дамуынан да тұрады.

Тұлғаны жалпымәдени, әлеуметтік-адамгершілік және кәсіби тұрғыда үздіксіз дамыту қағидасы жетекші болып саналады. Ол студент тұлғасын үйлесімді дамыту технологиясын жасау, оның өзін-өзі дамытуға қажеттіліктерін қалыптастыру, жалпы және кәсіби тұрғыда жетілуін, кәсіби және адами тұрғыдан өзін-өзі дамыту әдістерін меңгеруін білдіреді.

Болашақ педагог тұлғасын жалпы адамзаттық мәдениетпен үйлесімділікте дамыту мәдениеттанушылық тәсіл қағидасын іске асырумен байланысты.

Ол студенттің әлемдік мәдениеттегі өзін-өзі айқындауын, оның ұлттық-мәдени дәстүрлерге қанықтығын, құнды жалпыадамзаттық мазмұнмен сусындағанын білдіреді.

Мәдениет егер де студенттің іс-әрекет жасауына түрткі болған жағдайда ғана өзінің тұлғаны дамытушы қызметін іске асырады. Нақ осы іс-әрекет, белсенділік тұлғаның даму жемісі ретіндегі жаңа құрылымында, жеке түрде дамушы өзгерістерде сыртқы ықпалдастықтар жиынтығын қайта түзуіне мүмкіндік береді. Бұл оқу-кәсіптік ынтымақтастық түрлерінің, нақтырақ айтқанда, оқытушының студентке барынша көмек көрсетуі мен олардың өзара көмек көрсетуінен бастап, кәсіби даярлық пен серіктестік қарым-қатынастарды көрсетудегі толығымен өзін-өзі реттестіруге дейінгі белгілі жүйелілігінде пайдалануды талап ететін тұлғалық-әрекеттік тәсіл қағидасының маңыздылығымен байланысты болып келеді.

Болашақ педагог мәдениетін қалыптастыру студентке тәрбиелеуші ықпал етудің әлеуметтік мәнін кеңейтуді талап етеді.

Ең әуелі, бұл келесі компоненттердің барынша тығыз және терең байланысы:

А) педагогикалық қарым-қатынас үдерісінде студентке оқытушының тұлғалық ықпал көрсетуі; ЖОО ұжымының барлық тіршілік әрекетінде студентке және студенттер тобына мәдени ықпалдастығы;

В) студенттің әлеуметтік іс-әрекетінің қалыптастырушы ықпалы, оның өзін-өзі басқару мен бірлесе басқаруға қосылуы[5].

Қазіргі педагогты тәрбиелеу сапасы оқу-тәрбие үдерісінің біртұтас сипатымен анықталады, ал онда педагогикалық қызметтің барлық қағидалары, әдістері мен тәсілдері толық шамасында жүзеге асырылады. Тәрбиелеу сапасы болашақ маманның әлеуметтік және кәсіптік қызметін ұйымдастырудың әралуан түрлерінің өзара әрекеттестігінде де көрінеді.

Тәрбиелеу, егер де ол, қалыптан тыс, эвристикалық, әзденгіштік әдістерге, болашақ маман тұлғасы мәдениетін қалыптастыру құралдары мен тәсілдеріне бағытталған болатын болса, студенттердің өздерінің мұқтаждықтарына, бастамашылдықтары мен ізденгіштіктеріне сүйенеді. Тәрбиелеудің студенттерге іздену еркіндігі мен өз бетінше таңдау жасау құқығын беретін түрі ғана тұлғаны дамыта алады. Студенттер өзіндік қызығушылықтары мен мақсаттары негізінде таңдаған шығармашылық іс-әрекет үйлесімді тәрбиелеуші және дамытушы орта құрайды[6].

Жоғары оқу орындарындағы тәрбиелеудің қазіргі заманғы тәжірибесін талдау қалыпты педагогиканың көне, ескі стереотиптерінен бас тарту, қоғам дамуындағы өзгерістермен байланысты қиындықтарды жеңу орын алып жатқандығын көрсетеді. Тәрбиелеудегі жаңа идеяларды, қағидаларды, формалар мен әдістерді іздестіру мен сынап көру – жоғары оқу орны педагогикасының негізгі ережелерін ойша тұжырымдау, тереңдету, жаңарту айғағы. Білім беру парадигмаларын өзгерту нәтиже ретінде тәрбиелеуші ықпалдастықтар сапасын, ұйымдастыру құрылымдары мазмұны мен формасын, тәрбиелеу инфрақұрылымын, оқытушылар мен студенттердің тұлғааралық қарым-қатынас стилін өзгерту жолдарының қалыптан тыс үлгілерін іздестіру орын алады. Педагогикалық қарым-қатынаста студентке оқытушының тұлғалық сапалары мен оның іс-әрекеттері ықпал көрсетеді, бұл студенттің өзінің жеке идеалдарымен арақатынасады. Студент ұғым-түсініктері мен оқытушы тұлғасының сәйкес келмеуі мұғалімнің барлық педагогикалық күш-жігерін жойып жіберуі мүмкін [7].

Бір адамның екінші адамға ықпал көрсету нәтижесі (бұл жағдайда оқытушының студентке) олардың ішкі, тұлғалық қасиеттерімен жанамаласады.

Тәрбиелеудің ізгілендіру қағидалары оны тек мақсатқа бағытталған ықпалдастықтарға ғана түйістіруге мүмкіндік бермейді. Құзыретті адам әлеуметтік және табиғи даму үдерістерінің күрделі динамикасын ұғынуы, оларға ықпал етуі, әлеуметтік өмірдің барлық салаларында барабар бағыттала алуы тиіс. Сонымен қатар, адам өзінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін бағалау, барлық болып жатқан нәрселерге және өзіне қатысты оқиғаларға жауапкершілікте болу дағдысын иеленуі тиіс.

Осылайша, болашақ мұғалімдерді оқыту мен тәрбиелеу қызметтерін атап өтейік, бұл адамға өмірлік кедергілерді жоюға мүмкіндік беретін рухани күштерді, қабілеттіліктер мен

дағдыларды дамыту; әлеуметтік және табиғи салаларға бейімделу жағдайларындағы адами жауаптылық пен мінезді қалыптастыру; тұлғалық және кәсіби жетілу мен өзін-өзі іске асыруды жүзеге асыру үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; интеллектуалды-адамгершілік еркіндікке, жеке дербестік пен бақытқа қол жеткізу үшін қажетті құралдарды меңгеру; адамның шығармашылық дербестігін өз бетінше дамытуы мен оның рухани әлеуетін ашу үшін жағдайлар құру.

Бұл қызметтер оқыту мен тәрбиелеу мәдениетті көшірмелеу құралы ретінде көрінетіндігі жөніндегі идеяны ашып көрсетеді, оны игере отырып студенттер тұрақты өзгеріп отыратын жағдаяттарға бейімделіп қана қоймай, инновациялық белсенділікке қабілетті бола түседі.

Қорытынды

Университеттердің оқу-тәрбие үдерісінде келесі гумнаистік идеяларды іске асыру талап етіледі:

1) педагогтар мен студенттердің қарым-қатынасы бірлескен шығармашылық іс-әрекет ретінде құрылады; педагогикалық қарым-қатынас - «өз біліміңмен студентке емес, студентпен бірлесе отырып – ғылым мен оның тереңдеріне» қағидасында құрылуы тиіс;

2) қиындықтарды жою, күрделі мақсаттарға қол жеткізу идеясы (А.С.Макаренко идеясын дамыту түрінде) педагогтар мен студенттердің бірлескен іс-әрекетін, сондай-ақ студенттердің өз бетінше жүргізетін жұмыстарын жандандырады;

3) іс-әрекет бағыттарын, түрлерін, әдістерін еркін таңдау идеясы ынталану аясын қалыптастырады, шығармашылық ойлауды дамытады, өз мүмкіндіктерін сыни тұрғыда бағалауын дамытады;

4) студенттердің өздерінің даярлықтарының келешек нәтижелерін көре білуі, өзіне-өзі білім беруі мен өзін-өзі тәрбиелеуі табандылықтарын дамытады. Оқу және ғылыми іс-әрекеттегі озық жүру идеяларын іске асыру студенттердің кәсіби шеберлік негіздерін игеруін ынталандырады;

5) Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі ұйымдастыру идеяларын іске асыру корпоративтік сана мен тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру негізінде жататын болашақ мұғалімді басқару дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

6) тұлғаны дамытуға топтың, ұжымның интеллектуалды фоны, оның шығармашылық ахуалы елеулі ықпал көрсетеді, шығармашылық ахуал құру – тұлға қасиеттерін қалыптастыру мәндеті секілді, маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады.

7) Ұжымның әрбір мүшесін өзін-өзі басқарудың әралуан формаларына қатыстыруға қосу идеясы шығармашылық болуы тиіс.

8) Тәрбиелеудің жаңа мағыналық константалары жаңа педагогикалық орта – педагогтар, әріптестер, болашақ мамандарды шығармашылық сипатта тәрбиелеудегі ортақ ойлаушылар идеясын іске асыруды шамалайды.

Осылайша, бірлескен шығармашылық белсенділік мәдениеті мен оқытушылардың тұлғааралық қарым-қатынасы қалыптастырылған жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдер тұлғасының мәдениетін қалыптастыруға болады. Нақ осы себептен де болашақ педагогтардың тұлғалық сипаттамаларына қойылатын талаптарды жаңартуды профессор-оқытушылар құрамына қойылатын талаптарды тереңдетумен толықтыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Калаков Н.И. прогностического исследования в глобалистике (на материале анализа прогнозирования социально-образовательных процессов). М.: Академический проект, 2010, 747с.
2. Большой иллюстрированный словарь иностранных слов: 17000. М.: ООО «Издательство АСТ», 2004, 417 с.

3. Бабошина Е.Б. Культурологический подход к развитию личности студента (на примере пед. дисциплин): Учебное пособие. Курган: Изд-во КГУ, 2006, 109с.
4. Педагогика личности: учебное пособие для студентов высших и средних педагогических учебных заведений / С. В. Кульневич ; отв. ред. Е. В. Бондаревская; Воронежский гос. пед. ун-т. Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского пед. ун-та, 2015, 558с.
5. Леонтьев А.А. Психология общения. М.: Смысл, 2016., 365 с.
6. Садовская В.С., Ремизов В.А. Основы коммуникативной культуры: Учеб. пособие. М.: Владос, 2011, 210с.
7. Соколов Е.А., Буланкина Н.Е. Методология культурного самоопределения формирующейся личности специалиста-гуманитария: монография. Москва: Университетская книга, 2011, 232 с.

Аннотация

В статье исследованы проблемы формирования культуры личности будущих учителей в ВУЗе. Выявлены особенности и принципы формирования культуры личности обучающихся в студенческом возрасте как предпосылки формирования профессионализма специалиста на данном этапе развития. Рассмотрены психолого-педагогические особенности индивидуальной культуры и вопросы формирования культуры личности студентов, в которых соединяются высокий профессионализм, интеллигентность, социальная зрелость и творческое начало; в сфере образования проблема формирования культуры будущего учителя отражает также сложности становления политической, экономической и социальной зрелости молодежи: недостаточную целостность и гармоничность в развитии духовных потребностей студентов, проявления лояльности к безнравственности, безразличия к человеку, низкий культурный уровень определенной части абитуриентов, его незначительный рост у выпускников и др. Гуманизация воспитания предполагает построение такого учебно-воспитательного процесса в вузе, в котором студент будет находиться в позиции активного субъекта познания, общения и творческой деятельности.

Вузовская система воспитания способна создать новый тип профессионалов для новой социальной реальности, если встанет на путь преобразований содержания подготовки специалистов в целом.

Abstract

The article examines the problems of forming the culture of personality of future teachers in higher education institutions. The features and principles of the formation of the personality culture of students at the student age as prerequisites for the formation of professionalism of a specialist at this stage of development are revealed. The psychological and pedagogical features of individual culture and the issues of forming the culture of students ' personality, which combine high professionalism, intelligence, social maturity and creativity, are considered; in the field of education, the problem of forming the culture of the future teacher also reflects the complexity of the formation of political, economic and social maturity of young people: insufficient integrity and harmony in the development of spiritual needs of students, manifestations of loyalty to immorality, indifference to man, the low cultural level of a certain part of applicants, its insignificant growth among graduates, etc. Humanization of education involves the construction of such an educational process in the university, in which the student will be in the position of an active subject of knowledge, communication and creative activity.

The university system of education is able to create a new type of professionals for a new social reality, if it takes the path of transformation of the content of training specialists in general.

УДК 94908008

Г.А. Аширова

тарих пәні оқытушысы, Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі, Шымкент, Қазақстан
E-mail: gulbiashirova@mail.ru

КЕШЕ: «КӨНЕ- ШЫМКЕНТ ҚАЛАШЫҒЫ», БҮГІН: «МЕГАПОЛИС- ҮШІНШІ ҚАЛА»

Түйін

Елбасымыз оңтүстік өңірін ұлтымыздың ұйытқысы, халықтық қалпымыз бен дәстүр-салтымыз молынан сақталған, келешекте де солай бола беретін берекелі өлке деп жоғары бағалайды. Сондықтан осы шежірелі өңірдің ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі тарихын зерттеу, оны қағаз бетіне түсіру, келешек оқырмандарға ұсыну, қай-қайсымыз үшін үлкен мәртебе, әрі азаматтық борышымыз.

Өлкетану курс бағдарламасы кең-байтақ еліміздің шежірелі өңірі аталатын құт мекені-Оңтүстік өлкесінің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы негізінде жасалған.

Қазақстан тарихы пәні бойынша қолданбалы және таңдау курсына арналған өлкетану курс бағдарламасы тарих пәнінің оқытушыларына қажет.

Өлке тарихын үйрету арқылы, студенттердің өзінің өмір сүріп отырған ортасының тарихын терең білуге, оларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, өлке тарихына қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Өлке тарихын үйрету арқылы Қазақстан тарихы пәнінен алған білімдерін тереңдету және кеңейту, отансүйгіштік сезімін қалыптастырушы ретінде ұсынылады.

Кілттік сөздер: Шымкент қалашығы, жасыл қала, мегаполис, мәдени астана.

Жас ұрпақ- біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы өкілі ғана емес, еліміздің тірегі, болашағы. Елжандылық рухта тәрбиелеу-жастарды Отансүйгіштікке, ар-намысты қорғауға, адамгершілікке баулиды. Туған жердің қадірін ұғындыру, туған жердің тұлғаларына деген құрметтерін арттыру, туған елінің, ауылының тарихын таныту мақсатында Елбасы Н.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде шыққан «**Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру**» атты мақаласы аясында техникалық және кәсіптік білім беру орындарында «Өлкетану» курсы енгізілген болатын [1].

Тарихы сонау, ежелден басталатын кең байтақ Отанымыздың шежірелі өңірі аталатын құт мекені-Оңтүстік өлкесінің ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі қилы-қилы тарихын оқып-білуге ерекше көңіл бөлген студенттердің талап-тілегін орындай отырып, Отан тарихынан, өлке тарихынан қызғылықты, тың және терең білім алуларына барынша мүмкіндік жасау оқытушының басты мақсаты. Өйткені, әрбір жас жеткіншек өзінің туған жерінің, ауылының, ауданының, өңірінің тарихын терең білмей, кең-байтақ еліміздің тарихын терең білуі мүмкін емес. Осыған байланысты, «Өлкетану» жұмыс оқу бағдарламасы Шымкент қаласының көне тарихына да тоқталады. Сонымен, қаланың іргетасы қашан пайда болды?

1425 жылы жазылған Шарафад-дин Али Иазидің «Зафар-нама» шығармасында «**Шымкент**» атауы Сайрам маңындағы қыстақ ретінде ауызға алынады. Алайда кездейсоқ табылған тас қару бұл жерде адамның сонау тас дәуірінде – бұдан ондаған мың жыл бұрын пайда болғанын дәлелдейді [2].

Заманауи мегаполистің атымен аттас 4,5 гектар аумақты алып жатқан Ескі қалашық Шымшаһардың орталығында орын тепкен. Өткен ғасырдың ортасынан бастап археологтар бұл жерде Көне қалашықтың пайда болуы мен дамуына қатысты сауалдарға жауап табу үшін қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

2002-2003 жылдары Ә.Марғұлан атындағы археология институты мен М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың бірлескен экспедициясының көмбе заттарды қазып шығару жұмыстарының нәтижесі Шымкенттің тарихи жасы 2200 жыл деген қорытынды жасауға себеп болды. Зерттеулер қаланың біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықтан бастау

алатын тарихы тым тереңде екенін дәлелдеп берді. Ескі қалашықтағы мәдени қабаттардың тереңдігі орта есеппен 14 метрге дейін барады. Археологтар ең төменгі қабатынан б.з.д. II ғасырдың басы мен III ғасырдың аяғы деп көрсетілген керамика бұйымдарының бөліктерін тапқан [3].

Шымкент – Қазақстандағы өзінің тарихи өзегін сақтап қалған жалғыз қала. Ескі қалашықта аспан асты музейін салу арқылы еліміздің тарихи мақтанштарының біріне айналдыру туралы шешім қабылданғаннан кейін бұл жерде жұмыс қыз-қыз қайнай түсті. Археологтардың бірлесе күш салуының арқасында келешек көрнекі жердің сегіз мың шаршы метр аумағында аршу жұмыстары жүргізілуі керек-тін. Сол аралықта XIX ғасырдағы қалалық цитаделдің тарихи тұрпатын қалпына келтіру үшін реставраторлар да қосылды. Құжат қабырғалар мен мұнараны, қырғын кезіндегі және бақылау алаңшаларын, кіру есіктерін қайта қалпына келтіруге жол ашты. Ал 2019 жылдың күзінде тарихи жердегі қазба жұмыстарына құрылысшылар да кірісті.

Ғалымдардың көрсетуінше, мұнда андроновшылар дәндік тары, бидай егіп өсірген, ірі қара мал ұстаған, қой баққан. Мыс пен қола металдарынан еңбек құралдарын – балта, пышақ, пішен шабатын шалғылар, қару-жарақ пен әшекейлер т.б. жасаған [4].

Шымкент жерінде сақ тайпалары жасаған қола ұшты жебелер, қанжарлар тәрізді сақ қару-жарақтары табылған. Сақ ұрпақтары – кангюйлер б.з.д. I мыңжылдықта Сырдарияның орта ағысында аса қуатты Кангюй (Қаңлы) мемлекетін құра білді. **Шымкент** территориясында бірнеше елді мекендер болды. Олардың біразы қирағанмен, қазіргі автотұрақ территориясында, Шымкент фосфор зауытына жақын тұста және басқа да жерде табылғандарын мемлекет өз қорғауына алған [6].

Моңғол дәуірінен кейін Шымкент ірі қалаға айналған. Оның қалдықтары – ескі қаланың қамалы қаланың орталығында, жақсы сақталған. Қамалдың пішіні доға тәрізді, жер бедерінен 25 м биіктікке бой созған. Доға көлемі 30-45 м, бұрыш-бұрышында мұнаралар байқалады, кіреберіс қақпасы оңтүстік беттегі қабырғада. Бөлекше Сібір корпусының тәржімашысы Филипп Назаров бекіністі былай сипаттайды: «...Бадам өзені бойындағы (қала) биік дөңес басына салынып, жарқабақты биік қабырғасымен көмкеріп тұр. Қалаға өзен жағынан бір атпен ғана жүріп өтетіндей тар жолмен кіруден басқа амал жоқ. Су қалаға қабырғадан ойып жасалған терезешелерден кіріп, қала ішінен қазылған арналарды толтырады, бірқатарына су-диірмен орнатылған. Үйлері қытайлардікі тәрізді, күйдірілген қыш кірпіштен қаланып, терезесіз салынған. Неге екенін қайдам, үй ішіне жарық түсу үшін барлық жерде есіктері ашық тұрады». Қамал тұрған жерді қазғанда, екі құрылыс ашылған, олардың бірі – XIX ғасырға, ал екіншісі –XVII-XVIII ғасырға жатады [7]. Табылған қыш ыдыстардың XVIII-XIX ғасырға жатқызылуы да мүмкін. Шымкент қаласының нақ ортасында орналасқан бұл ежелгі қала қалдықтары әлі де зерттелуге тиіс. Жібек жолымен сапар шеккен туристер көрсін деп құрылыстардағы қалдықтар консервіленіп, музейлендіріліп қойылған.

Шымкент қаласының атауы қайдан шыққан?«Шымкент» сөзі (түрікше «шым» – алқап, қойнау, «кент» – иранша елді мекен) «Жасыл қала» деген мағынаны білдіреді. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, қала б.з.д. II ғасырда салынған. Шымкент қаласы Ұлы Жібек Жолы керуен көшінің жолында орналасқан. Көптеген жылдардан бері көне қалада ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, шетелден келетін туристердің санында шек болмайды.

Шымкент қаласын ертедегі орта ғасырлық – Отырар, Исфиджаб (Сайрам), Яссы (Түркістан), Сүткент, Сығанақ, Сауран және тағы басқа аңызға айналған қалалар қоршаған. Шымкент - тарихи- мәдени қонақжайлық және индустриялық инфрақұрылымы туристік демалушылар үшін қызықтыратын аймақ болып қала бермек. Шымкенттің орталығында Ескі қалашық сақталып қалған, ол тек ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар студенттердің, тарихшылардың, тіпті туристердің де қызығушылығын тудыруда.

Шымкент қаласы атауының шығу тарихы мен оның мағынасы әлі күнге дейін белгісіз. Бұл жұмбақтың жауабын белгілі зерттеуші-ғалымдар таба алмаған. Біреулер қала атауы

«қала-бақ», «жасыл қала» десе, біреулер «жердің бет қабатымен қапталған қала» дейді. «Шым» сөзі жердің беткі қабаты, шымды қыртысы, ал «кент» қала, шаһар деген мағына береді. Кейбір зерттеуші-ғалымдардың пайымдауынша, «Шымкент» сөзі көне шығыс тілінен шыққан. Шығыс тіліндергі «чиминь» («чемень») деген сөздер «жасыл алқап», «көк жайлау» деген мағына береді.

1914 жылы Қазақ елінің Ресейдің құрамына енуінің 50 жылдық мерейтойы құрметіне орай, Шымкент қаласының атауы Черняев болып өзгертілген. Бірақ та, көп ұзамай 1921 жылы қалаға өз атауы қайта берілді.

Республиканың ең ірі аймақтарының бірі болып табылатын Түркістан облысы шығысында – Жамбыл, солтүстігінде – Қарағанды, батысында – Қызылорда облыстарымен, оңтүстігінде – Өзбекстан Республикасымен шекаралас жатыр. Облыс орталығы Шымкент қаласы – Оренбург-Ташкент және Түркістан-Сібір халықаралық көлік магистральдарының түйіскен жерінде орналасқан. Бұдан бөлек, Ташкент-Шымкент-Тараз-Алматы және Ташкент-Шымкент-Түркістан-Самара автомагистральдары арқылы ыңғайлы байланыс орнатылған. Қазіргі өнеркәсіп, сауда және мәдениет орталығы болып табылатын Шымкент қаласы өзінің миллионға жуық халқымен Қазақстан Республикасының ең ірі қалаларының қатарында. Ұлы жібек жолының бір бөлігінде орналасқан керуен жолдары қиылысында пайда болған Шымқала Орта Азияның көне қалаларының құрамына енеді және бай тарих пен мәдениетке ие.

2011 жылы Халықаралық ассамблея Шымкент қаласын ТМД елдері арасындағы ең үздік қала деп таныды. Бұл марапат шаһар тұрғындарының ыңғайлы тұрмысы мен тазалығын, тұрғын үйлер мен ғимараттарды жаңарту, қоқыстан тазарту, жылу маусымына дайындық және басқа да әлеуметтік, қоғамдық жаңалықтарды басты назарға ала отырып табыс етілді. Айта кетейік, Халықаралық ассамблея ұйымына ТМД елдерінің 85 қаласы мүше. Олардың қатарында Қазақстаннан Астана және Шымкент қалалары бар

2020 жылы Шымкент қаласы «ТМД елдерінің мәдени астанасы» жылнамасының эстафетасын салтанатты түрде қабылдады. Бұл мәртебе мегаполисті әлемге одан әрі танытып, мәдени-экономикалық байланысын арттырады сөссіз. Осынау жылнамаға сәйкес қазір Шымшаһарда түрлі құрылыс қарқын алған. Көне қаланың қыр-сырын тереңінен танытатын «Цитодель» «Ескі қалашықтағы» жұмыс соның дәлелі. Шымкент ТМД мемлекеттерінің мәдени астанасы атануға әбден лайық. Мұндай мәртебе Шымшаһарға бекер берілген жоқ. Соңғы 3 жылдың ішінде қала аумағы 117 мың гектарға кеңейіп, жаңа аудандар қосылды. Экономикасы өсті. Сондай-ақ, миллионға жуық қалада мәдени шараларды өткізетін жаңа нысандар бой көтерді. Бұл өз кезегінде еліміздегі үшінші мегаполис қаланың әлеуетін арттыруға үлкен мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. С. Жолдасов, Б. Матекова. Өлкетану. Алматы: Үш қиян, 2009, 219 б.
2. Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы: Аруна Ltd, 2005, 324 б.
3. Байтанаев Б.А. Древний Испиджаб. Шымкент-Алматы: ТОО «Эворо», 2003, 136 с.
4. Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII-XX ғғ.). Алматы: Ғылым, 1976, 333 б.
5. Тұяқбай Ж. Шымкент. Шымкент: Кітап, 1998, 201 б.
6. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2005, 570 б.
7. Шымкент қаласы. Мына сілтемеде: https://www.zharar.com/kz/referat/3026-shymkent_chimkent_download.html (11 ақпан 2021).

Аннотация

Удовлетворяя потребности студентов, особенно интересующихся изучением богатейшей истории Туркестанской области, который берет истоки с глубокой древности, создать благоприятные условия для предоставления сведений об интересных, скрытых событиях, потому как знания по истории родного края, села, района будут способствовать углублению знаний по истории своей страны.

Задачи курса «Краеведение» формирование потребности студентов к углубленному изучению истории среды обитания посредством усвоения истории родного края, воспитание патриотизма, национальной приверженности, повышение интереса к истории родного края. Предлагается углубление и расширение круга знаний по истории Казахстана через усвоение и изучение истории родного края как один из факторов формирования патриотических чувств у подрастающего поколения.

Abstract

Satisfying the needs of students, especially those interested in studying the rich history of the Turkestan region, which originates from ancient times, create favorable conditions for providing information about interesting, hidden events, because knowledge of the history of their country .

The objectives of the course “Regional Studies” are the formation of students’ needs for an in-depth study of the history of the environment through the assimilation of the history of the native land ,the upbringing of patriotism ,national commitment, increasing interest in the history of the native land. It is proposed to deepen and expand the range of knowledge on the history of Kazakhstan through the assimilation and study of the history of the native land as one of the factors in the formation of patriotic feelings among the younger generation.

ӘОЖ 541.18

Ш.С.Әділова, Э.А.Ибрагимова, С.Д.Елғонова, Т.А.Сейдімбетова

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін

Мектеп оқушыларының сана–сезіміне лайықты музыка бағдарламасында әр жақты музыкалар, әндер қарастырылған. Одан баланың музыкаға деген сүйіспеншілігін жоғалтпау үшін үйде, мектепте, театрда, кинотеатрда, радиодан, теледидардан төменгі, жоғарғы сынып оқушыларымен жастарға арналған, олардың психологиялық ерекшеліктерін, музыканы қабылдау қасиеттерін еске алып жасалған хабарларды тыңдатып, көрсетіп отырған жағдайда, олардың музыкаға құмарлығы, эстетикалық талғамы арта түспек.

Мектеп оқушыларына музыкалық-эстетикалық білім беруде музыка мұғалімінің орны ерекше. Қазіргі күнде мұғалімнің алдында оқушыларды өз заманымызға сай, мәдени талғамы зор, музыкадан сусындаған, музыкалық талғамы оянған, Жан-жақты жарасымды жандарм тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Балаларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру жүйесі ретке ыңғайланып, қалыптасып келеді.

Мектепте берілетін музыка сабағының маңызы мен мақсаттары өте кең және оларды іске асыратын тұлға – музыка мұғалімі. Музыка сабағы мен мұғалімнің алдындағы негізгі мақсат–шәкіртіне музыканың құдіретті күшін таныту. Сөйтіп оқушылардың санасына, еркіне, әсіресе олардың сезімімен ұшқыр қиялына пайдалы әсерету.

Кілттік сөздер: композитор, объектив, субъектив,диапазон, вокалды-хор, фраза, абстракт, эстетика,дидактика, ребус, викторина.

Музыка сабағының бағдарламасында оқушыларды жастарына сай, көлемі шағын халық әндерімен, сонымен қатар, қазақ композиторларының дауысқа арнап жазылған әндері, басқа халықтардың ән шығармашылығымен таныстыру қарастырылған. Музыка сабақтарында оқушылар әнді дұрыс айту дағдыларын игереді [1].

Алғашқы өтілген сабақтан алған әсер балалардың санасында өмір бойы қалып қою мүмкін. Олай болса, мұғалім өз жұмысының же тісті нәтижелі болуына назар аударып, бірінші жүздескен сәттен-ақ оларды музыкаға қызықтырып, еліктіріп әкетуі мүмкін. Ал, бұл іс оңай мәселе емес. Әдетте, бірінші сынып оқушылары мұғалімнің бір сарынды дауысынан тез шаршайды. Олардың нәзік организмі, бірқалыпты ұзақ отырғанды көтере алмайды. Есте сақтау қабілеті өте жоғары болуына қарамастан, зейіні шашыраңқы келеді. Жүйелі түрде жұмыс істеуге қалыптаспаған. Осы мәселелерді ескеріп, балалардың сабақтағы белсенділігін арттыру, көтеру үшін сол сабақ барысында қолданылатын түрлі іс-әрекеттерді, кезек-кезек алмастырып, қызықты жүйелі өтуін қамтамасыз етіп отыруы керек.

Бірінші сынып баласы – ойын баласы. Сондықтан, қандай қиын материал болсада, ойын арқылы игеруге болады. Ойын – баланың қиялын қанаттандырады, зейінін арттырады, шығармашылық қабілетін әрі қарай дамытады. Бірінші сынып оқушыларының музыкалық қабілетінің деңгейі әртүрлі болады. Өйткені, мектепке дейін әр түрлі ортада тәрбиеленген. Мысалы, егер бала бала-бақшада тәрбиеленсе, бала-бақшадағы музыкалық тәрбие жұмысының деңгейінің әртүрлі екендігін айтпай кетуге болмайды.

Кейбір ата-аналар балалардың үйде тәрбиеленгендігін қалайды. Міне, осылай көптеген объективті және субъективті жағдайларға байланысты баланың бірінші сыныпқа келгендегі музыкалық дайындық деңгейі көбінесе әртүрлі. Дегенмен де, оларға тән ортақ мынадай жағдайларға тоқталуға болады.

- музыканы тыңдай, қабылдай білу саласында әрбір мектеп табалдырығын аттаған оқушы белгілі бір музыкалық шығарманы тыңдай отырып, оның түрлерін анықтай алады (ән, күй, би, марш, тағыда басқа). Алайда, мұғалім балалардың музыкалық түсінігін тексерерде мәнерлік мүмкіндігі мол, тыңдауға жеңіл, өте айшықты қысқа шығармаларды алуы тиіс. Ән айту саласына келер болсақ, негізінен бұл жастағы балалардың дауыс шығаратын аппараты өте нәзік, әрі даму үстінде, дыбыс бояуы ашық, әдемі, жеңіл, мөлдір, дауыс диапазоны олардың дауысына ыңғайлы дыбыс аралығында болып келеді [2].

Алғашқы күннен бастап, ән айту мәдениетін қалыптастыруға талаптанып, вокалды-хор жұмысына ерекше назар аудару керек. Ән айтқанда он әдемі, ашық дауыспен айту, демді ән басталмас бұрын және фразалардың арасындағы дұрыс, уақытында ала білу, сөзін анық айту, әнді бірже бастап, бірже аяқтау, екпінін сақтап айту, ырғағын бұзбау, әуеннің жүру бағытын, ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырата білу керек.

Екінші сынып оқушыларына музыкалық тәрбиеберудің жалпы міндеті–бірінші сынып оқушыларына қойылатын міндеттермен сипаттас, сабақтас болып келеді. Балалардың музыкалық қызығушылығы әрі қарай қалыптасады, тәрбиелеу және білім берудің арқасында музыкалық қабілеті дамиды. Барлық берілетін ғылым, дағды баланың музыканы саналы түрде қабылдап, он терең сезіне білуіне, әнд орындау шеберлігінің шыңдала түсуіне бағытталады. Бірінші, екінші сынып балалары түсініктерінде көпұқсастық болғанымен, олардың арасында белгілі бір айырмашылық та бар.

Ең алдымен, екінші сынып баласы «тәжірибелі» оқушы, ол мектептің тәртібін, сабана қойылатын талапты біледі, зейіні тұрақтала түседі. Бірінші сынып баластна қарағанда абстрактылы ойлауға қабілетті [3]. Егер қажет болса, күрделі шығармаларды да ұғып алуға төзімі жетеді. Оларды оқи, жаза алатындықтары музыка тарапынан қойылатын талаптарды шешуге жағдай жасайды. Мұның барлығы музыкалық тәрбиеге қажетті баланың дамуына септігін тигізеді.

Үшінші сынып оқушысы алдыңғы сынып балаларына қарағанда кәдімгідей қалыптасқан оқушы. Ғалым О.Апраксина өзінің «Мектептегі музыкалық білім беру

әдістемесі» деген еңбегінде былай деп жазады: «Үшінші сынып оқушыларының дене құрылысы, алдыңғы екі сынып балаларына қарағанда, шымыр қуатты келеді, өсу процесінің жылдамдығы оларды үздіксіз қозғалысқа жетелейді, тынымсыздығы мен ерекшеленеді. Ақыл-ойының даму жағынанда, бірінші және екінші сыныпқа қарағанда әлде қайда жоғары, үшінші сынып оқушыларының абстрактілік ой қорытуға алкен мүмкіндік бар. Назарымен есте сақтау қабілеті ер кін сипатта болады» [4].

Бұл жастағы балаларда, олардың музыкалық қабілеті және өнердің қайсібір түріне бейімділігі де айқын көріне бастайды. Бірінші сынып және екінші сынып оқушылары әдетте ән айтуға да, би билеуге де, музыкалық аспапта ойнауға да, өнердің тағы да басқа түрлерімен айналысуға құштар болса және бұл ретте мұғалімнің пікірі үлкен роль атқарса, үшінші сынып балалары олардың белгілі бір түрімен қызыға айналыса бастайды, өзіндік пікірі қалыптаса бастайды. Әрине, осыған қарап, баланың музыканың қай саласына қабілеттілігін анықтау керек. Баланың өнердің белгілі бір түріне ерекше тартылуына жүйелі жүргізілген музыкалық тәрбиенің, оның сапалығының маңызы зор. Бұл нәрсені мұғалім есте ұстағаны дұрыс.

Төртінші сыныпта музыкалық тәрбие жұмысы жалпы бастауыш сыныптардағы алған музыкалық тәрбие жұмысын қорытындылау болып келеді. Музыка сабағына арнаулы маман жүргізілсе де, өз мұғалімдері оқытса да, аталмыш сыныпта музыка сабағының мәніне ерекше мән берілуі керек, өйткені, ол төрт сыныпқа арналған бағдарламадағы белгіленген, оқушылардың мәдениеттілігін қалыптастырудағы педагогикалық, музыкалық талаптардың, мақсаттардың қалай жүзеге асырылғандығын көрсетеді.

Орта буын сыныптарға бала қандай музыкалық дайындықпен келді, әрі қарай қойылатын талаптарға ілесе ала ма? Музыкалық қабілеті әрі қарай қалай дамиды? Ән айту, музыка тыңдау білу мәдениеті қандай? Нота сауатын қаншалықты игерді? Ән айту, музыка тыңдай білу мәдениеті қандай? Нота сауатын қаншалықты игерді? Міне, IV сыныпқа музыка сабағын жүргізетін мұғалімді осы мәселелер ойландыруы, толғандыруы керек.

Мұғалім оқушыларға білім беріп қана қоймай, сол алатын білімдері арқылы тәрбие жұмысын жүзеге асырады. Сабақ қызықты өту үшін мұғалім оның жан-жақты әдіс-тәсілдерге бай, түсінікті болуын қадағалап, үйрететін ән мен тыңдалатын музыкалық шығарманың ерекше құндылығын ескеруі керек. Егер балалар сабаққа қызықса олардың белсенділігі артады. Белгілі бір сабақта қолданылатын іс-әрекет түрлері оның мақсатына, тақырыбына қарай анықталады. Музыка сабағының басқа айырмашылығына, ерекшелігіне келер болсақ, ең негізгісі—оның өнер сабағы екендігі. Музыканы оқыту барысында ақыл-ой мен эмоция, түйсіну мен сезіну қатар жүзеге асырылады.

«...дәстүрдің сабақтастығы педагогика ғылымының түрлі салаларының өзара кірігуін жаңа дәрежеге көтереді, ол үшін теориялық тұжырымдамалар жасауда әдіснамалық мәселелерді қарастыру талап етіледі» [5].

Жас ұрпақты тәрбиелеуде музыка жалпы өнерге деген қызығушылығын арттырып, сана-сезімін, рухани дүниетанымын кеңейтуге тигізетін әсері мол. Сондықтан да, балалармен жұмыс істеу барысында, яғни музыка сабағында барлық мүмкіншілікті пайдалану арқылы әрбір шәкірттің музыка өнеріне деген құштарлығын қалыптастырып, эстетикалық талғамын қанағаттандыруға, музыка жөніндегі түсінігін кеңейтуге, ішкі рухани байлығының ірге тасын өз беттерінше қалауға баулу, бағыттау қажет [6].

Әр мұғалімнің шығармашылық қиялы болады. Мұғалім бойында қалыптасқан бұл қасиет—оқушы қызығушылығын арттыратын бірден-бір құрал. Сабақта, музыка апталығында, сыныптан тыс музыкалық мерекелерде ұйымдастырылған музыкалық—дидактикалық ойындар, ребустар мен викториналық сұрақтар оқушының музыкалық қабілетін арттырып, дүниетанымын кеңейтеді. «Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі тәрбие» деп тәрбие теориясын зерттеуші ғалымдар пікір білдіреді [7].

Бастауыш сыныптың оқушылары берілген білімді бойына тез сіңіреді. Баланың осы қасиетін уақытында тиімді пайдалану үшін оның музыканы түсініп тыңдау, орындау

кабілеттерін жетілдіруге тек музыка сабағында ғана емес, басқа пәндерде де көңіл бөлінсе, тәрбие өз жемісін бермек. Бұл баланың сезімталдық қасиетіне өз әсерін тигізері сөзсіз. Пәнаралық байланысты орынды және жүйелі жүргізе білу мұғалімнің қиялы мен ой-өырісіне тікелей байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Сұлтанова Н.К. Музыка сабағын жоспарлау және модельдеу. Алматы: Өнер, 2010 340бет
2. Әділова Ш.С., Елгонова С.Д., Елжанов Д.Н. «Хорды дирижерлау және мектеп әндері репертуары бойынша практикум» Оқу-әдістемелік құрал Шымкент: Нұрлы бейне, 2020ж. 180 бет
3. Ералиева М. Бастауыш сатыдағы оқу - тәрбие үрдісінде, Алматы: Өнер, 2005. 248бет
4. Момынұлы П. Музыкалы-эстетикалық тәрбие. Алматы: Өнер, 2002ж. 280бет
5. Мубараков А.М., Байғожанова Д.С. Білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулер жүргізудің әдіснамалық негіздері. Қарағанды: Ақнұр баспасы, 2018. -138 б.
6. Дүйсембінова Р.К. Музыкалық білім беру педагогикасы, Талдықорған, Парасат, 2016. 205 бет
7. Дүйсенбаев А. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Астана: Фолиант, 2015. -320 б.

Аннотация

Музыкальная программа, подходящая для сознания школьников, включает в себя разнообразную музыку и песни. Чтобы не потерять любовь ребенка к музыке дома, в школе, в театре, в кино, на радио, на телевидении, слушайте и показывайте сообщения для младших и старших классов и молодежи с учетом их психологических особенностей, восприятия музыки, их увлечения музыкой, эстетического вкуса.

Особая роль учителя музыки в музыкально-эстетическом воспитании школьников. Сегодня перед педагогом стоит задача воспитать учеников в современных, культурно настроенных, музыкально настроенных, музыкально настроенных людях. Формируется система музыкально-эстетического воспитания детей.

Значение и цель уроков музыки в школе очень широки, и человек, который их реализует, - учитель музыки. Основная цель урока музыки и учителя - показать ученику силу музыки. Таким образом, он благотворно влияет на умы и волю студентов, особенно на их эмоции и воображение.

Abstract

The music program, which is suitable for the consciousness of schoolchildren, includes a variety of music and songs. In order not to lose the child's love for music at home, school, theater, cinema, radio, television, listening to and showing messages for lower and upper grades and young people, taking into account their psychological characteristics, perception of music, their passion for music, aesthetic taste. will increase

The role of a music teacher in the musical and aesthetic education of schoolchildren is special. Today, the teacher has a task to bring up students in a modern way, with a rich cultural taste, who drink music, who have awakened musical taste. The system of musical and aesthetic education of children is being formed.

The importance and purpose of music lessons at school is very wide and the person who implements them is a music teacher. The main goal of a music lesson and a teacher is to show the student the power of music. Thus, it has a beneficial effect on the minds and will of students, especially their emotions and imagination

ӘОЖ 37.013.41

А.О. Байдибекова, А.М. Сайдазимова

п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін

Бұл мақалада оқушылардың қабілеттерін дамытудың педагогикалық психологиялық негіздер, шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары қарастырылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін басым міндетті оқушының өз қолына беріп отырған дұрыс. Бұл орайда сыныпты топқа бөліп тақырыпқа сәйкес есептер шығартып отырады, әр есепті шығарып болғаннан кейін шығару жолын түсіндіреді. Сабақ барысында баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды басты назарда ұстау керек. Бала өзінің бұған дейінгі білетін білімінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетідей жадайға тірелуі керек. Сонда ғана ол білуге ықыластанады, әрекеттенеді. Сабақ барысында мұғалім ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ретінде болуы тиіс. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Оқушы өз тұжырымын дәлелдеуге талпыныс жасайды. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар: шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу, жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу, шығармашылық іс- іс-әрекетке жағдай туғызу. Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылу - мектеп оқушыларының дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан оқушылардың мектепте оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Кілттік сөздер: проблемалық ситуация, дарынды оқушы, жаңашыл педагог

Білім берудің басты мақсаты -білімді, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Мемлекетіміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай білімді тұлғаның алатын орны ерекше. Мектеп мұғалімдердің алдында тұрған жауапты міндет оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда мұғалімдердің алдына қойған мақсаты- оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып, шығармашылық жұмысқа баулу, ой-өрісінің дамуына мүмкіндік тудыру, міндеті оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, жан-жақты дамуына көңіл бөлу, ғылыми- зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Алға қойған мақсат пен міндетті орындау үшін оқушы жастардың танымдық, шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге, дамытуға ден қою қажет. Шығармашылық дегеніміз -оқушының белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы түрі. Бұл мәселені шешуде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше. Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар оқушының білім деңгейін - оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруге жол ашады. Оқушылардың шығармашылық деңгейін дамытуды математиканың рөлі орасан зор.

Математиканы оқытуда есептердің маңызы зор. Есепті пайдаланбай оқушыларға бағдарлама материалдарын айқын әрі тиянақты меңгерту, оларды жан-жақты дамыту мен тәрбиелеу, еңбекке тарту мүмкін емес. Мектепте математикалық ұғымдар мен ережелерді меңгеруде қолданылатын оқыту есептері «Оқушылардың негізгі математикалық білімін, біліктерін және дағдыларын қалыптастыру жүйесі оқыту әрекетінің негізгі түрі және математиканы дамытудың өте маңызды құралы болып табылады. Математикалық есептерді

шығара отырып, оқушылар математика курсының мазмұнын белсенді меңгеріп қана қоймайды, сонымен бірге шығармашылық ойлау шеберлігін меңгереді» [1].

Есептер жүйесін пайдалану мәселесінің екі аспектісі бар:

Математиканы есеп шығару барысында үйрету;

Оқушыларға есеп шығарудың жалпы амалдарын үйрету.

Мұның алғашқысында оқушыларды өздігінен жаңа білімге бағыттау, яғни математиканы белсенді оқыту жолдары іздестіріледі. Ал, есептер жүйесін пайдаланудың екінші аспектісі – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ю.М.Колягин оқу процесіндегі осы екі бөліктің бірігуі математиканы дамыта оқытудағы жетекші дидактикалық әдістеменің тиімді тәсілі ретінде қарастырылады [1].

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін басым міндетті оқушының өз қолына беріп отырған дұрыс. Бұл орайда сыныпты топқа бөліп тақырыпқа сәйкес есептер шығартып отырады, әр есепті шығарып болғаннан кейін шығару жолын түсіндіреді.

Сабақ барысында баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды басты назарда ұстау керек. Бала өзінің бұған дейінгі білетін білімінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетідей жадайға тірелуі керек. Сонда ғана ол білуге ықыластанады, әрекеттенеді. Сабақ барысында мұғалім ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ретінде болуы тиіс. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Оқушы өз тұжырымын дәлелдеуге талпыныс жасайды [2].

Проблемалық ситуация тудыру - оқушыларға сұрақ қойып, оны шешу ғана емес, мұндағы сұрақ оқушыға бейтаныс, өздігінен ізденіп, өзінше қорытынды жасай білетіндей сұрақ болуға тиіс. Бұл орайда оқушыларға танымдық сұрақтар қоюдың маңызы зор. Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі. Бұл салада атқарылатын жұмыстар жетерлік. Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық. **«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғанашәкірт жанына нұр ұялата алады.»** деп жазды **Ахмет Байтұрсынұлы**

Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты- олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты. Бұл контексте болашақ мұғалімді жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен меңгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор деп ойлаймыз [3].

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абройы барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық

зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады. Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс - әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі. Шығармашылық сабақтардың оқушылар үшін мынадай маңызды жақтары бар: оқушының танымдық іздемпаздығы қалыптасады, сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді, шығармашылық ой-өрісі артады, кітаппен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырады, ұжымдық ой - пікірлері жетіледі, топ мүшелерінің пікірлерімен ортақ тұжырым жасауға үйренеді, мұғаліммен оқушылардың қарым-қатынасы ынтымақтастықта болып, сенімділіктері артады, оқушы өз ойын еркін айтуға, сөз мәдениетіне үйренеді, білімін жүйелі түрде толықтыруға үйренеді, өз әрекетіне сын тұрғысынан қарауға үйренеді, тұжырым жасап қорытындылауға үйренеді, оқу міндеттерін тиімді шешу мүмкіндігін таниды, дүниетанымы кеңейіп, рухани дамиды, дарынды тұлға ретінде “мен” деген пікірі қалыптасады, бәсекелестік қабілеттері дамиды, мұғалімге тәуелділіктен арылып, шығармашылық жұмыстарға белсене араласуға үйренеді. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық жұмысқа баулу, ізденушілік әрекеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Үйірме, факультатив сабақтарын, таңдау курстарын, пәндік кештерді, конференция, дәстүрлі емес сабақтар түрлері, дебат ұйымдастыру шығармашыл тұлғалардың ашылуына көп септігін тигізеді. Олар өздіктерінен ғылыми-бұқаралық әдебиеттер оқуға және әдістемелік журналдармен жұмыстар жасауға жаттығады, зерттеушілік іскерліктері мен машықтары шыңдалады.

Пәндік бағыт бойынша оқыту, үйрету әдістері арқылы оқушылар бойында мынадай дағды-әрекеттер қалыптасады: өз бетінше шығармашылық ізденіс жұмыстарын жүргізеді; зерттеу тәсілі арқылы көркем шығармаға идеялық-көркемдік баға беретін дәрежеге жетеді; пәндік теориялық білігі молаяды, ақпараттармен өз бетінше жұмыс атқара алады. Қазіргі таңда мектеп алдындағы ең басты міндет - оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып оқушылардың дүниетанымы мен шығармашылық қабілетінің қалыптасуына жағдай жасау. Математика пәнінің жас ұрпақты уақыт талабына сай етіп тәрбиелеу ісіне қосар үлесі үлкен. Оқушы осы пәннің талабын орындау мақсатында түрлі есептер шығарады, оқиды, ізденеді.

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдар мен ғалымдардың назарында болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды тұлғаны дамытудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, өйткені шығармашылық іс - әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді. Математика сабағында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде есеп шығарудың маңызы зор. Есеп шығару - оқушының іс-әрекетіне негізделген ой еңбегі, шығармашылық ізденісінің жемісі, білімінің көрінісі [4].

Оқушылардың шығармашылық әрекеті мен танымдық қабілеттерін арттыруда математиканың алатын орыны ерекше. Математика сабағында оқушы өзінің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, қорытындылар жасауға ұмтылады. Проблемалық және шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ойлау, танымдық, қабілеттерін дамытуға бағытталады.

Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, оларды білуге ынталандыру, шығармашылыққа ұмтылдыру, ойлана, іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақты айтып беруге дағдылану сияқты сапаларды оқушы бойына дарыту - білім саласының өзекті мәселесі [5].

«Оқыту үрдісінің үш түрлі құрамды бөлігі бар, ол - ғылым, шеберлік, өнер» дейді белгілі педагог В. А. Сухомлинский. Осы қасиеттер мұғалім бойынан табылса, сонда ғана ол сабақ үстінде білімділік пен тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыра алады. Ғылыми - зерттеу

жұмысына баулу, бағыттау. Оқушыларды ғылыми жұмысқа баулудың басы оларды өз беттерімен орындалатын зерттеу, іздендіру бағытындағы тапсырмаларға төселдіруден басталады. Әрбір сабақ басталар алдында оқушыны қызықтырып әкететіндей кіріспе ойлап табу, математика сабағында есептерді шығарарда омирде қай жерде қолданылатындығын айтып тартымды етіп өту мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Біздің мақсатымыз - мұғалімді тыңдап қана отыратын, керісінше, өз пікірін ашық айтып, тыңдаушысын нандыра алатын жеке тұлға, азамат даярлау.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар: шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу, жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу, шығармашылық іс- іс-әрекетке жағдай туғызу. Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылу - мектеп оқушыларының дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан оқушылардың мектепте оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты [5].

Көптеген зерттеулерді талдау нәтижесінде шығармашылық іс-әрекет нәтижелері оқушының жеке тұлғасына, біліктерінің жетілуіне, психологиялық тетіктер арқылы оң әсерлері нәтижесінде өз әрекетіне және сол әрекеттің бірлескен іс-әрекет мазмұны мен түрін сәйкес көзқарастары қалыптасатыны анықталып отыр.

Оқу үрдісінде танымдық тапсырмаларды орындаушығармашылықты, ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау: өзекті мәселені табу, мақсаты мен міндеттерін айқындау, зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу, болжам құру, болжамды тексеру, нәтиже, іс-әрекет рефлексиясы кезеңдерімен жүзеге асады. Оқу жұмысына шығармашылық мақсат қою, оны жоспарлау оқушыдан зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, мақсаткерлік, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді. Мұғалім оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру біліктерін дамытуы қажет. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін жетілдіру бағыты танымдық біліктерінің қалыптасу белгілеріне, танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндігіне байланысты

Педагог К.Д. Ушинский былай деген: “Біз жан-жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, ол тұлғаны жан-жақты зерттеп білуіміз керек”. Осы ой бүгінгі таңда мұғалім әрекетінің тұжырымдамасы іспеттес. Соған байланысты оқушының тұлғалық құрылымы мен басты белгілерін және сапаларын анықтаудың мәні зор [6].

Ұстаз жас жеткіншектің жан-жақты дамуына, оның бойында жасырын жатқан қабілетті ашу және белсенді әрекетке келтіру жолында тынымсыз ізденісте болу керек.

Ы. Алтынсарин 1864 жылы 16 мартта жазған бір хатында «Осы жылы январьдың 8 күні менің көптен куткен арманым іске асып, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің құмарымды қандырып, не бары 3 айдың ішінде оқи алатын және орысша жаза білетін болды». Тұңғыш педагог ағартушы Ы. Алтынсарин « халқыма пайда тигізсем деген менің әрқашанғы талабым болушы еді, ал енді сол ойым іске асып келе жатыр-ау дегенде, көңілім сонша жай тауып қалады»- деп жазды [2].

Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;

оқушы дарындылығының моделін білу;

қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;

дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу; дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере

отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;

дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;

оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;

дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;

дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;

дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы. Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби “бейнесі” мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зерттеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады [7].

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: “...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек. [8]

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады [8].

Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

Сабақты түрлендіріп өткізу;

Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;

Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдайы еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру. Өйткені, ХХІ ғасыр- білімділер ғасыры. Бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ тәрбиелеу басты міндет.

Әдебиеттер тізімі

1. Колягин Ю.М. Методические проблемы применения задач в обучении математике: преподавание алгебры и геометрии в школе. М.: Просвещение, 1992, 274 с.
2. Ы. Алтынсарин Таңдамалы шығармалары. Алматы: Мектеп, 1955, 273 б.
3. К. Бержанов, С.Мусин Педагогика тарихы. Алматы: Мектеп, 1971, 240 б.
4. Б.Тұрғынбаева. Дамыта оқыту технологиялары. // Қазақстан мектебі, 2003, №8, Б.67-69.
5. Л.С.Выготский. Педагогическая психология. М.: Провещение, 1967, 251 с.
6. Ж.Аймауытов. Психология. Алматы: Ғылым, 2004, 185 б.
7. К.Д.Ушинский. Педагогика. М.: Просвещение, 1980, 324 с.
8. Бабаева Ю. Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М.: Просвещение, 1997, 274 с.

Аннотация

В статье рассматриваются педагогические и психологические основы развития способностей учеников, пути развития творческих способностей. Для развития творческих способностей учеников лучше отдать приоритет ученику. При этом класс делится на группы и готовит отчеты по теме с

объяснением, как их решать после каждого отчета. В ходе урока основной упор должен быть сделан на организацию исследовательской деятельности ребенка. Ребенок должен уметь чувствовать, что его прежних знаний недостаточно для решения новой задачи. Только тогда он захочет учиться и действовать. Во время урока педагог должен быть организатором, проводником. Каждому ученику предоставляется возможность высказать свои мысли и мнения, выслушать ответы. Ученик пытается доказать свою точку зрения. Для развития творческих способностей ученика необходимо выполнить несколько условий. Это раннее развитие творческих способностей, регулярное воздействие на творческую деятельность, создание условий для творческой деятельности. На современном этапе стремление к глобальному образовательному пространству в сфере образования требует развития у учеников самостоятельности, любознательности, активности и творческого потенциала. Поэтому в школе необходимо развивать мыслительные способности учащихся и учить их применять свои знания и навыки в новых жизненных ситуациях. Выполнение этих задач напрямую связано с оптимальной организацией творческой деятельности учеников.

Abstract

The article discusses the pedagogical and psychological foundations of the development of students' abilities, the ways of developing creative abilities. To develop the creative abilities of students, it is better to give priority to the student. In this case, the class is divided into groups and prepares reports on the topic with an explanation of how to solve them after each report. During the lesson, the main emphasis should be placed on the organization of the child's research activities. The child should be able to feel that his previous knowledge is not enough to solve a new problem. Only then will he want to learn and act. During the lesson, the teacher should be an organizer, a guide. Each student is given the opportunity to express their thoughts and opinions, listen to the answers. The student tries to prove his point. For the development of creative abilities of the student, it is necessary to fulfill several conditions. This is the early development of creative abilities, regular impact on creative activity, creating conditions for creative activity. At the present stage, the desire for a global educational space in the field of education requires the development of students' independence, curiosity, activity and creative potential. Therefore, the school needs to develop students' thinking abilities and teach them to apply their knowledge and skills in new life situations. The performance of these tasks is directly related to the optimal organization of students' creative activities.

ӘОЖ 371.39

А.О. Байдибекова, М.Б. Бақытнұр

п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

БЕЙІНДІК МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУ

Түйін

Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі-оқушыны жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыспен шұғылданатын қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай, ұлттық қасиеттерді жете түсінетін еңбек сүйгіш ұрпақ дайындау.

Он екі жылдық мектептің басты ерекшелігі-баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін өзі танып, келешегін айқындауға, әсіресе болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға жағдай жасау

12 жылдық білім беруде оқу жүктемесін жеңілдетіп, оқушының бос уақытын жеке қабілеті мен ізденушілігін тудыруға мүмкіндік жасау көзделеді. Бұл білім беру парадигмасының пәндік білім беруден тұлғалық-бағдарлық бағытқа көшуінен туындап отыр. Ондай жағдайда мұғалімнің рөлі білім беру, біліктіліктер мен дағдыларды сіңіруде ғана емес, оқушы өзінің жеке әлеуетіне сүйенетін және оқытудың жаңа технологиясын пайдалану жағына көңіл бөлу керектігін көрсетеді.

Мектеп оқушыларының шығармашылық қызығуын қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі.

Кілттік сөздер: бейіндік оқыту, деңгейлік саралау

Н.Назарбаевтың соңғы жылдары өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамасында еліміздегі жас жеткіншектерді еңбекке баулу, оның еңбегін бағалау мәселеріне ерекше мән берді, жұмыссыздықты жоюдың мүмкіндіктерін қарастырды [1].

Қазақстан Республикасының дамуы үшін индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асырудың маңызды қадамдарын лайықты бағдарлап берді. Осы тұжырымдама негізінде жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру, елімізде кәсіптік-техникалық колледждердің жұмыстарын оңтайландыру секілді игі қадамдар жасалуда [2].

Еліміздің барлық салада бәсекеге қабілетті болуы тікелей білім беру сапасына байланысты. Осы орайда білім беру жүйесі үнемі және үздіксіз даму үстінде болу қажет. Тәуелсіз еліміздің ертеңі жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді жан-ақты қабілетті ұрпақ-ұлттымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі-оқушыны жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыспен шұғылданатын қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай, ұлттық қасиеттерді жете түсінетін еңбек сүйгіш ұрпақ дайындау.

Он екі жылдық мектептің басты ерекшелігі-баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін өзі танып, келешегін айқындауға, әсіресе болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға жағдай жасау [2].

12 жылдық білім беруде оқу жүктемесін жеңілдетіп, оқушының бос уақытын жеке қабілеті мен ізденушілігін тудыруға мүмкіндік жасау көзделеді. Бұл білім беру парадигмасының пәндік білім беруден тұлғалық-бағдарлық бағытқа көшуінен туындап отыр. Ондай жағдайда мұғалімнің рөлі білім беру, біліктіліктер мен дағдыларды сіңіруде ғана емес, оқушы өзінің жеке әлеуетіне сүйенетін және оқытудың жаңа технологиясын пайдалану жағына көңіл бөлу керектігін көрсетеді.

Мектеп оқушыларының шығармашылық қызығуын қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі [3].

Шығармашылық дегеніміз-адамның өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіндеп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.

Бейінді оқытуды ұйымдастыру арқылы білім сапасын арттыру. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ҚР жалпы орта білім берудің мақсаты – бейіндік оқытуды іске асыру, білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін түйінді құзыреттіліктерді игеруін қамтамасыз ету және даралық білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Бейінді оқыту: білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау үдерісі, білім беру үдерісін ұйымдастыру. Оқытуды саралау және даралау базалық курстар, бейіндік курстар, элективті курстар арқылы жүзеге асырылады. Базалық курс: оқушылардың барлығы игеруге міндетті жалпы білім беретін пәндер. Бейіндік курс: тереңдетіліп оқытылатын, жалпы орта білім беру деңгейінде бейіннің мазмұнын және оқытудың бағытын айқындайтын оқу пәні. Элективті курстары: мазмұны білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын жеке бейімі мен таңдауына сәйкес қанағаттандыруға мүмкіндік беретін пәндер бойынша білімдердің кеңейтілуі мен тереңдетілуіне ықпал ететін оқу курстары. Таңдау курстарының жиынтығы оқу жоспарының

вариативті бөлігін құрайды. А.Ю.Скопинаның бейінді оқытуды ұйымдастыру моделі бойынша бейінді оқыту екі құрылымнан тұруы керек:

1. Оқу курстарының қысқаша сипаттамалары, бұл бағдарламаны меңгеру үшін дайындық сипаты мен бағдарламаны меңгеру нәтижесінің талаптары берілген бейінді оқыту бағдарламасы.

2. Бағдарламаны меңгеру траекториясынан - «оқу курстарын оқыту ретін, орнын, оқыту әдістемесі мен оқыту нәтижесін көрсетеді»

Бейіндік оқыту тұлғалық бағдарлы дамытуға жағдай жасап, оқу жоспарының екі құрылымымен сипатталады: мектеп және оқушы компоненттері. Мектеп компоненті таңдалған бейінге сәйкес министрліктің дайындаған міндетті базалық және бейіндік пәндерден тұрады. Оқушы компоненті элективті курстардан тұрады. Әр оқушы екі жыл ішінде алты элективті курс таңдап, меңгеруі керек. Базалық, бейіндік, элективті курстардың үйлесімді ұйымдастырылуы бейінді оқыту мақсаттарына жетуін және келесі принциптердің жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- аймақтық принципі мектеп түлегінің еңбек нарығы негізінде жергілікті оқу орындарын таңдаудағы ерекшеліктерімен сипатталады;

- вариативтілік принципі мектеп бітірушісіне ұсынылатын бейіндер мен оқу курстарының жеткілікті мөлшерде болуы;

- даралық принципі жоғары сынып оқушысының кез-келген этапта бейінін ауыстыруға, өмірлік мақсаты мен кәсіптік жоспарларына сай, жеке мүмкіндігі мен қабілетіне қарай бейін таңдаудағы еркіндігінің болуы;

- өнімділік принципі бейіндік мектепте оқушының оқу әрекетіне жоба әрекетін енгізу арқылы оқу өнімділігін жетілдіру;

- түсініктілік принципі бейінді оқыту мазмұнының негізгі ұғымдардан басталып, оқушының танымдық әрекеті барысында толықтырылуы мен байланысты

Бейінді оқыту тұжырымдамасына сәйкес мектептің оқу жоспары келесі талаптарға сай болуы керек: вариативтілік – жоспарда элективті курстары көп мөлшерде болуы керек, оқушылардың білімдік сұраныстарын қанағаттандырып, жеке жоспар құру мүмкіндігінің болуы, жүзеге асырылатындығы – жоспарды жүзеге асыру үшін қажет ресурстардың:

бағдарламалық-әдістемелік, кадрлардың дайындығы, мектептің материалды-техникалық базасы болуы, икемділігі – вариативтілікке сай жоспардың мазмұнын қайта құру, өзгерту мүмкіндігі.

Бейінді оқытудағы икемділік С.В.Суматохин пікірінше, оқу пәндерінің түрлі үйлесімділіктерін құру арқылы жүзеге асады. Бейіндік оқыту принциптері мен талаптарын жүзеге асыру үшін, білімнің дамыту потенциалын арттыру үшін жоғары мектеп сатысында элективті курстар қосылады. П.С Лернер пікірінше, элективті курстар бейіндік саралауға арналған және бір бейінді толықтыратын факультатив курстары немесе таңдау курстары А.А. Кузнецов пікірінше, элективті курстар практикалық міндеттерді шешумен байланысты іс-әрекеттердің тәсілдері мен біліктерді қалыптастыруға бағытталған, әлемнің біртұтас бейнесі туралы бұрын алған білімдерін интеграциялайтын қосымша білім алуы, жеке өмірлік басымдылықтары мен қызығушылықтарына қарай еңбек нарығында сұранысқа ие болып отырған білімдік нәтижелермен қаруландыруға арналған [4].

Элективті курстарын жалпы орта және кәсіптік оқу орындарында жүйесінде оқу-тәрбие үдерісінде білім мазмұнын жүзеге асыру құралының құрылымдық бірлігі ретінде де қарастырылған. Элективті курстарды біртұтас дидактикалық бірлік ретінде алғанымен біз мақсаттық бағдары тұлғалық дамыту мен оқушының кәсіптік өзін-өзі анықтауға арналған мектепте білім берудегі вариативті компонент ретінде қарастырамыз. В.В.Краевскийдің оқу пәні туралы зерттеулеріне сүйеніп, оқу пәні бейіндік оқытудың бір сатысы ретінде қазіргі ғылымның интегративті, тереңдетілген бағыттарын анық көрсететінін атап өтуге болады. Элективті курстың мазмұнын қалыптастырушы сол ғылыми білімнің сәйкес саласы. Оқу

пәнінің когнитивті моделін құрылымдау В.В. Краевский, В.С. Леднев, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин пікірінше, білім мақсатымен білім алушының мүмкіндігіне қарай нақты білім беру деңгейінде меңгерілетін жеке ғылымның материалын таңдау. Білім мазмұнының алғашқы анықтамаларында оны ғылым негіздерін педагогикалық бейімделген негізі ретінде қарастырады. З. А. Решетова пікірінше, оқу пәнінің мазмұны қарапайым формада болса да ғылым логикасына сай тарихи, әдіснамалық, логикалық аспектілерін қамтиды. Сонымен бірге, оқу пәніндегі ғылым пән туралы білім ретінде ғана емес, ғылыми ойлау тәсілдерін көрсететін танымдық әрекетін ұйымдастыру ретінде де қаралу керек. В. В. Краевский бұл тұжырымдаманың оқушыларды ғылым мен өндіріске тартып қана қоймай, тұлғаның жеке шығармашылықтары мен таңдау еркіндігін жүзеге асырып, адамдарға әділ қарым-қатынасы сияқты сапаларының тыс қалмауына бағыттайтынын көрсетеді Келесі педагогтар тобы В.С.Леднев, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин көзқарасы бойынша, оқу пәні ғылымды дәл көшірмеуі керек, оның басқа мақсаттары мен міндеттері болғандықтан арнайы құрылуы керек [4].

Ғылымның материалын оқыту мақсаттарына сай таңдау қажет. Оқу пәні әлеуметтік тәжірибенің педагогикалық моделі болуы үшін келесі деңгейлерден тұруы керек:

- жалпы теориялық деңгейі, білім мазмұны мәдениетпен теңдес берілетін әлеуметтік тәжірибенің құрамы, құрылымы мен функцияларының көрінісі педагогикалық трактат ретінде көрініс тапқан. Мәдениеттану тұжырымдамасына сәйкес мазмұн әлеуметтік тәжірибе сияқты төрт негізгі құрылымдық элементтен тұрады: танымдық әрекет тәжірибесі оның нақты нәтижесі - білім, белгілі әрекеттерді жүзеге асыру тәжірибесі формасы үлгіге қарап орындау білігі, шығармашылық әрекет тәжірибесі - формасы проблемалық ситуацияларда стандарттан тыс шешім қабылдау, эмоциялық – құндылық қарым-қатынас тәжірибесі – формасы жеке тұлғалық бағдары. Бұл элементтер оқу пәнінің мазмұнының құрылымын түзіп, бір-бірімен байланысты алдыңғы элемент келесіге ауысуға алғышарт жасайды;

- оқу пәннің деңгейінде оқу процесі барысында меңгерілу керек әлеуметтік тәжірибе бөлімдері белгіленген;

- оқу материалының деңгейінде 2-деңгейдегі әр нақты пән 1-деңгейде көрсетілген мазмұн құрамымен толықтырылады;

- оқыту процесі деңгейінде білім мазмұны жобада емес, оқытудың практикалық әрекетінде нақты жүзеге асады;

- білім алушы тұлғаның құрылымдық деңгейінде, мазмұн оқытудың соңғы нәтижесі ретінде қаралады.

Философтар мен психологтар В. В. Давыдов, Э. Г. Юдин ұсынған үшінші көзқарас ғылыммен оқу пәнінің арасындағы байланысы – олардың функциялары мен міндеттерінің әртүрлі екендігін көрсетеді. Оқу пәнінің мазмұны ғылымның әртүрлі функционалды бірліктері болуы мүмкін, бірақ оқу пәніне іс-әрекет арқылы ғана енуі керек. Іс-әрекет ғылым мен оқу пәнін байланыстырады. Ал материалды өңдеу ғылым фрагменттерін таңдау емес, оқушыны ғылымға ендіруді жасақтау – ұғымдар, теориялар, заңдардың артында тұрған сол ғылымның объектіне арнайы келуіне әкелетін пәндік әрекетін ашу болып табылады. Бейінді мектептегі элективті курстар оқу пәнін құрылымдаудың түрлі бағыттарынан көрінуі мүмкін, біздің көзқарасымыз бойынша көп жағдайда олардың функциясына байланысты.

Элективті курстардың функционалды типологиясын анықтаудағы авторлардың С. Ю. Астанина, Д. С. Ермаков, А. А. Кузнецов, П. С. Лернер, Г. К. Митрофанов, В. А. Орлов, К. Н. Поливанова, Т.В. Черникова еңбектеріне қарап жалпы бағыттарының: базалық пәнді толықтыру кейде тереңдету, бейіндік пәнді тереңдету, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға, практикалығы болатындығын байқаймыз. [4]. Т.В. Черникованың зерттеулерінен, бейінді оқытудағы элективті курстардың жоғары сынып оқушыларына ұнауы үшін: «фактілі материал таныс болып өмірмен байланысты болып, алынған білімнің прагматикалық бағытта болуы керек. Проблемалық материал біржақты қарастырылмай ғылыми интрига сипатында болса, бұрын белгісіз материалды талдау оқушының жалпы мәдениетін арттырып, ресми қарым-қатынас дағдысын қалыптастырады.

ЖОО оқуға білімдік бағдар материалдың күрделілігінде емес, жұмыс формаларының семинар, коллоквиум, реферат; сынақ, жоба және т.б. түрлендіруімен де жүруге болады. Сабақтағы оқушылардың орындайтын жұмыстары түрлі деңгейдегі тапсырмаларымен анықталады. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден бейінді оқытудың мақсаттары мен принциптерін жүзеге асыруда элективті курстардың орнының ерекшелігі, пәндік сипаттары анықталды. 12 жылдық мектеп деңгейінде бейінді оқытуды жүзеге асыруда педагогикалық мамандар даярлау мәселелері қарастырылды [5].

Ұлт мектебінің моделінің өзегі — егеменді еліміздің жас ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, білімді интеллектуалдық деңгейі биік, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу.

Мемлекеттік білім саясаты, ең алдымен, мектептер арқылы жүзеге асырылатыны айдан анық. Мұғалімнің маман ретіндегі басты міндеті — рухы мықты, жан дүниесі бай жан-жақты жетілген жеке тұлға қалыптастыру. Жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін қалыптастыру, болашағын болжау мүмкіндігін жасау, өзін-өзі тану әдіс-тәсілдерін үйрету - ұстаздар қауымының негізгі міндеті [6].

Білім беруде өзекті болып отырған мәселенің бірі - болашақ педагог мамандарды бейіндік оқыту бағдарламасының бағыты бойынша дайындау. Білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру негізінде бейінді оқытудың теориялық қағидаларын талдау.

Қазақстан Республикасында бейіндік оқыту жалпы білім беретін мектептің 10–11 сыныптарында жүзеге асырылады, сондықтан білім берудің осы сатысын «бейіндік мектеп» деп атауға толық негіз бар. Бейіндік мектеп бейіндік оқытуды іске асыратын оқытудың институционалдық формасы болып табылады [7].

ҚР Білім және ғылым министрлігі және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Қазақстан Республикасында Бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасын дайындап ұсынды. Аталған Тұжырымдама Шетел практикасының бейіндік оқыту тенденциялары, Қазақстандағы бейіндік оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі, 12 жылдық білім беру моделіндегі бейіндік оқытудың ұйымдастыру мақсаты мен басшылыққа алу ережесі, бейіндік оқытудың білім беру мазмұны, бейіндік оқытуды ұйымдастырудың мүмкіншілік түрлері, бейіналды даярлығы, орта білім жүйесіндегі жалпы орта білім беру, Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасын іске асыру процесін басқару тарауларынан тұрады. Яғни осы Тұжырымдаманы негізге ала отырып, жалпы орта мектептердегі жоғары сыныптарға бейіндік оқыту бағдарламасына сәйкес білім беруге болады деп айтуымызға толық негіз бар [9].

Бейінді-бағдарлы оқыту дегеніміз - оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ету. Қоғам дамуының қазіргі кезеңі адам қызметінің негізгі құралы техника мен технологиялық үдеріске бағыныштылығымен ерекшеленеді. Сондықтан да болашақ мамандарды инновациялық тұрғыда даярлау проблемасы аса назар аударуды талап етеді. Болашақ маман пәнді жақсы білумен қатар, технологиялық-құзыреттілік әдістемесін жете меңгеруі тиіс.

Баланы жасынан еңбекке тәрбиелеу адам қоғамымен тығыз байланысты. Тіптен жазу-сызу болмаған тайпалық дәуірдің өзінде өз ұрпағын өмірге бейімдеп тәрбиелеу, оларды отбасында еңбекке, қол өнерге, аңшылыққа үйрету дәстүрі халық өмірінен өзекті орын алған. Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев және басқалары өз зерттеулерінде баланың ішкі әлеміне көңіл бөлу қажеттілігі мен оқуға деген талпынысын қалыптастыруға бағыттау, шығармашылық қызығушылыққа, тәрбиелеу туралы қорытындылар жасайды. Ғалымдар бұл мәселені шеше отырып, мектеп жұмысының практикасында теориялық

қорытындыларды іске асыруға талпынуы өте маңызды. Оқу-тәрбие процесін тереңдету сұрақтарына арналған еңбектер үлкен теориялық және практикалық мәні бар.

Білім беру қызметі саласында мамандардың кәсіптік біліктілігін арттыру және қайта даярлау үздіксіз үрдіс болып табылады. Білімділікті арттырудың үздіксіздігі ұлт мектебінің 12 жылдық білім деңгейіне көшу үдерісінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылармен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді. Жалпы білімнің басты үш міндеті бар, олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетануын қамтамасыз ету және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу - көкейкесті мәселеге айналып отыр. Кәсіптік бағдар беру жұмысының алғашқы басшысы отбасы тәлім- тәрбиесінен басталып, одан мектеп, мектептен тыс мекемелер, кәсіпорын шаруашылықпен ұштасып жатыр. Педагогика ғылымында кәсіптік бағдар берудің қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігіне, оқушының кәсіптік мұратына, бейімділігіне, іскерлігіне, психикалық және күш-қуатына сай мамандықты дұрыс тандап алу мектептің педагогикалық ұжымы, үйірме, кәсіптік оқу орында, ұжымдары, өндірістік ұжымдары, жұртшылықтың іс-әрекеттері деп үндеседі. Алайда оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырумен үйлестіруші қатарына мектептен тыс мекемелерде жататынын ескерген жөн. Осы орайда қосымша білім беру ұйымдары мектептен тыс мекемелердің қызметінің маңызы ерекше екенін атап өтуге болады [8].

Кәсіптік білім берудің мәні мен мазмұны, оқушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастыру жан- жақты зерттелген десек те, қоғамның жаңаруы, нарықтық экономиканың өмірге дендеп енуі, жаңа реформалар мен саяси жүйенің өзгеруі оқушыларға кәсіптік бағдар беруде жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауды талап етіп отыр.

Индустриалды-инновациялық даму талабына сай білім мен ғылым техника салаларындағы өзгерістер жоғары оқу орнында маман даярлау мәселесіне бәсекелестік жаңа көзқарасты талап етеді. Бәсекелестік нарықтық еңбек қатынасының барлық салаларын қамти отырып, тұлғаның кәсіптік әрекеттегі қабілеттерімен, бейімділіктерімен ғана өлшенбейді. Сондықтан нарықтық экономика жағдайындағы кәсіптік бағдар беру оқушылардың кәсіби дайындығы, жарамдылығы негізінде олардың рухани тұрғыдан жан-жақты дамуын және дара психологиялық ерекшеліктерін біле отырып жүргізуге тиісті. Мемлекеттің негізгі стратегиялық басымдылықтарының бірі - бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Бәсекеге қабілеттілік және тұлғаның еңбекке қабілеттілігінен, кәсіби бейімділігінен еліміз үшін пайдалы кәсіби әрекетінің шынайы көрісінен туындайтын маңызды мәселе. Бәсекеге қабілеттілік тек қана кәсібилік емес, сонымен қатар жеке тұлғалық компоненттермен де анықталады, яғни жеке адамның тұрақты қасиеттерінің жиынтығымен, мінезімен, кәсіби іс-әрекеттік қызмет істей алатын қабілеттері және жағдайымен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі интегративті параметрлерімен сипатталады.

Өз кәсібін дұрыс таңдай білген оқушы оған әр уақытта шығармашылықпен, жауапкершілікпен қарап, қабілеті мен бейімділігі белгілі бір кәсіп саласына сай қалыптасқанда ғана сапалы маман болады.

Кәсіби бағдар беру- жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы тандап алуға дайындауға бағытталған мектеп мұғалдерінің технологтардың, дәрігерлердің, инженер-педагогтердің, жанұяның, еңбек ұжымдарының бірлескен іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру оқушыларды мамандықтар әлемінде олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптардың өз бойындағы қасиеттермен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму мәдениеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігіне тәрбиелеуді қажет етеді. Кәсіби бағдар беру жүйесі қазіргі таңда жастарды өз бетінше кәсіби үйренуде ғылыми-теориялық және практикалық

кабілеттерін, ел экономикасындағы қажеттілікпен ұштастыру болып отыр. Кәсіби бағдар мақсаты жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі.

Алайда бейінді оқыту мәселесі мектептегі жалпы білім беретін пәндер деңгейінде, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарда белсендіру мәселесі жеткіліксіз зерттелген.

Халықтың тұрмыс жағдайының жоғарылауы, үдемелі индустриалды-инновациялық даму жағдайындағы өндірістің техника-технологиялық үдерісінің жетілуі жастарға маман ретінде жаңа талап қояды, яғни білім берудің заманауи тенденциясын анықтауды қажет етеді. Осыған байланысты жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің шығармашылық өзін-өзі жетілдіру әрекетін белсендіру мәселесі ерекше орын алып отыр.

Педагогика ғылымы оқу әдістемесін әрқашан ұрпақ тәрбиесінің білім беру жүйесінде өмірмен байланысты оқыту мен тәрбиелеудің маңызды әдістерінің бірі ретінде қарастырады және оның үлкен мүмкіндіктерін адамды жан-жақты дамыту тәрбиесінде кеңінен қолдануды ұсынады. Қазіргі кезде оқыту әдістемесін жетілдіру педагогтарға күрделі міндеттерді шешуге көмектесуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңынан туындайтын міндеттерді орындау білім жүйесін үздіксіз дамыту арқылы оқытудың мазмұнын байытуды көздейді [10].

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам. Егемен Қазақстан. №7792, 2012 ж, 10 шілде, 1 б.
2. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2011, 46 б. Қазақстан республикасының үкіметі, 2010 ж. 7 желтоқсан, №1118
3. Шамова Т.И. Активизация учения школьников. Педагогика. М.: Наука, 1982, 208 с.
4. Лернер П.С . Выбор профессии. Оценка готовности школьников 9-11 кл, М.: ВАКО, 2009г. 214 с.
5. Лернер П.С. Технология. Твоя профессиональная карьера, 8-9 кл. М.: Просвещение, 2007, 274 с.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген.
7. Леднев В.С. Содержание образования: Учебное пособие. М.:Высшая школа, 1989, 360 с.
8. Садықов Т.С., Абылкасымова А.Е. Методология 12-летнего образования. Алматы: НИЦ «Ғылым», 2003, 164 с.
9. Токбергенова У.Қ. Мектептегі жаратылыстану пәндерінің мазмұнын бағдарлы саралаудың теориялық негіздері: п.ғ.д. диссер.авторерефераты. Алматы, 2009. 51 б.
10. Қазақбаева Д.М. Мектепте жаратылыс-ғылыми білім беруді дамытудың теориясы мен практикасы: п.ғ.д. диссер.авторерефераты. Астана, 2010, 51 б.

Аннотация

Сегодня одной из самых актуальных проблем педагогической науки является всестороннее развитие школьников, воспитание трудолюбивого поколения, способного к творчеству, широкому кругозору, духовно богатому, пониманию национальных особенностей, с использованием новейших достижений науки. Главная особенность двенадцатилетней школы - создание условий для самопознания и самоопределения, особенно осознанного выбора будущей профессии, способствующего полноценному развитию ребенка, открытому выражению идей и мыслей, полноценному реализации творческого потенциала каждого человека.

12-летнее образование направлено на снижение нагрузки и создание возможностей для школьников тратить свое свободное время на личные способности и стремления. Это связано с переходом образовательной парадигмы от предметного обучения к личностно-ориентированному. В

этом случае роль учителя показывает не только приобретение знаний, навыков и умений, но и необходимость для ученика сосредоточиться на использовании новых технологий обучения, исходя из своего личного потенциала. Формирование творческого интереса школьников - очень важный, сложный и многогранный вопрос.

Abstract

Today, one of the most pressing problems of pedagogical science is the comprehensive development of students, upbringing, upbringing of a hardworking generation capable of creativity, a broad outlook, spiritually rich, understanding of national characteristics, using the latest achievements of science. The main feature of the twelve-year school is the creation of conditions for self-knowledge and self-determination. , especially a conscious choice of a future profession, contributing to the full development of the child, the open expression of ideas and thoughts, the full realization of the creative potential of each person.

The 12-year education aims to reduce the workload and create opportunities for students to spend their free time on personal abilities and aspirations. This is due to the transition of the educational paradigm from subject learning to student-centered learning. In this case, the role of the teacher shows not only the acquisition of knowledge, skills and abilities, but also the need for the student to focus on the use of new learning technologies, based on their personal potential. The formation of the creative interest of schoolchildren is a very important, complex and multifaceted issue.

УДК 159.9.072

У.С. Байзакова, Г.К. Оспанова

магистр, преподаватель, Шымкентский университет, Шымкент, Казахстан
студент, Шымкентский университет, Шымкент, Казахстан

РОЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КОММУНИКАЦИЙ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ СТАНОВЛЕНИИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

Аннотация

Цель исследования: опираясь на социально-психологическую структуру профессионального становления будущего педагога на этапе его обучения в высшем образовательном учреждении подготовить эффективную тренинговую программу по оптимизации данного процесса.

Методы и методики исследования. Для достижения поставленной цели и по средствам реализации сформулированных задач был применён комплекс теоретических и эмпирических методов исследования (анализ научной литературы, анализ документов, психодиагностическое тестирование, математико-статистические методы обработки данных и др.).

Научная значимость результатов исследования определяется разработанностью критериальных признаков профессионального становления будущего педагога, которые раскрывают и конкретизируют научное представление об изучаемом явлении, позволяют научно обоснованно подойти к психодиагностике и оптимизации этого сложного процесса на этапе обучения в высшем образовательном учреждении.

Раскрытая сущность и понятие профессиональное становление, его значение в жизни педагогических кадров, а также подготовленный Экспериментальный опросник изучения процесса профессионального становления будущих педагогов могут применяться в рамках последующих научных исследований данного явления.

Ключевые слова: исследование, педагогика, экспериментальный опросник

Как показывает практика, отличие процесса профессионального становления будущих педагогов от аналогичного процесса других будущих специалистов, обусловлено спецификой педагогической деятельности, а также особенностями педагогической коммуникации, которая играет значительную роль в жизни каждого успешного педагога. По своей сути, педагогическая коммуникация отражает первую обобщенную группу (коммуникативно-

педагогическая) критериев профессионального становления будущего педагога, которая выделана в рамках предыдущего параграфа настоящего диссертационного исследования. Исходя из этого, весьма актуализируется проблема осмысления характера и содержания педагогической коммуникации, не только как соответствующего критерия, но и как действенного подхода стимулирующего динамику профессионального становления будущих педагогов [1-5]. С одной стороны это касается того, как будет формироваться профессиональное сознание будущего педагога, а с другой - на каких принципах педагог будет осуществлять свою профессиональную деятельность в будущем. В зависимости от проблематики и тематики педагогической коммуникации целесообразно её подразделять на следующие основные виды :

- вербальная и невербальная;
- формальная и неформальная;
- функционально-ролевая, т.е. в системе педагог - предмет преподавания - обучаемый или коммуникация с коллегами, знакомыми относительно предмета обучения;
- личностно-ориентированная, эстетически ориентированная, социально-ориентированная и др.

Решающим условием такой коммуникации является способность осуществлять диалогическое взаимодействие в системе педагог - предмет преподавания - обучаемый с учетом специфики самого предмета обучения. При этом среди важнейших способов педагогической коммуникации полагается целесообразным выделить следующие:

- ассоциативный способ, характерный для индивидуальных занятий, его особенностью является обмен репликами, содержание которых ассоциативно связано между собой и непосредственно связано с рассматриваемым вопросом по предмету обучения. Для этого способа коммуникации характерно избегание повторов, ограничения реплик по времени, т.е. происходит не логичный, но достаточно откровенный обмен мыслями и чувствами. Правила, которыми руководствуются педагог и обучаемый определяются интуитивно. Собеседники сравнительно мало перебивают друг друга. При данном типе коммуникации, рефлексивные процессы происходят на основе эмпатии, т.е. осуществляются попытки понять позиции, взгляды друг друга [6-9];
- решение задач, т.е. высказывания, направленные на достижение общей точки зрения. Рефлексивный компонент предполагает наличие общей цели, что заметно снижает тематику коммуникации. Перечень правил также ограничен, каждое высказывание тщательно взвешивается, каждое слово тщательно подбирается со стороны педагога, а обучаемый оценивает. Нарушение правил влечет недоразумение, отказ от решения педагогической проблемы и может привести к изменению в образе коммуникации. Допустимые повторы и уточнения, а решение производятся совместно;
- постановка вопросов, в основном вопрос ставит педагог, который заинтересован в получении полной информации. Обучаемый имеет возможность уклониться от ответа или дать частичный ответ. Педагог такого права не имеет, но он, как правило, определяет встречный вопрос или начинает обсуждать вопрос обучаемого. При этом традиционно, обучаемые задают педагогу значительно меньше вопросов. Эта тенденция сохраняется с прошлых десятилетий. Но если педагогу удастся изменить мотивацию обучения, отношение к педагогической деятельности, осуществлять помощь по овладению способами самопознания, самоидентификации и соотнесения собственного «Я» с идеалом, то в этом случае обучаемые становятся значительно активнее, коммуникации достаточно интенсивными, а показателем активности вступает рост количества вопросов;
- уточнение понимания, в педагогической практике занятия никогда не начинается с высказываний, способствующих устранению неправильного понимания. Данный

способ коммуникации следует за другими способами, но при этом решается вопрос о причинах непонимания, расхождения в интерпретации соответствующего вопроса по предмету обучения. Будущий педагог путем пытается выяснить в чем заключается неправильное или иное понимание изучаемого вопроса, или какие правила коммуникации нарушены. Каждый из субъектов коммуникации имеет право перейти к другому способу уточнений в случае непонимания.

По своей сущности само понимание вступает одним из основных видов сложной умственной деятельности, направленной на раскрытие, как правило, сущностного в предметах и направлениях дисциплины преподавания или обучения. Иногда понимание происходит путем установления логических оснований, из которых следует, что требуется понять. Такой подход практикуется в высших образовательных учреждениях, но он присущ пониманию, как правило, математических теорем. В свою очередь, например пониманию соответствующих вопросов в рамках различных направлений искусства такая логика может препятствовать [10-15].

Проблема понимания в системе педагог - предмет обучения - обучаемый занимает особое место, в связи с этим рассмотрим её более подробно. Так многие исследователи это понятие относят к новым парадигмальным понятиям в современной педагогике. Они акцентируют внимание на том, что понимание приходит через диалог, а не через созерцание. Развитие у будущих педагогов способности понимать является больше результатом рефлексивного осмысления ситуации педагогической коммуникации и предмета обучения, а такой результат целесообразно определить в качестве центральных педагогических задач современного общего и педагогического образования .

Понимание определенного вопроса по предмету преподавания, педагогической ситуации вступает неким продуктом движения собственного сознания будущего педагога, которое нельзя заменить пониманием преподавателя. Это понимание также не может быть сообщено будущему педагогу в виде информации, так как понимание уже само по себе предполагает видение смысла. Осмысливая эту закономерность, педагог получает возможность объясниться со своими обучаемыми, направляя их движение, их сознание на самостоятельное осмысление. Понимание в феноменологии рассматривается на уровне способности постичь смыслы и значения явления. Для понимания характерно ощущение ясной внутренней связи, организованности явлений, которые рассматриваются. Это может быть логически упорядоченное, ясное видение причинно-следственных связей, когда механически перечисленные ранее факты объединяются в единую логическую систему. Возможно и ясное ощущение будущим педагогом осмысленности педагогической ситуации без логического каркаса.

К психологическим механизмам понимания относят идентификацию, проекцию, социальную перцепцию, эмпатию, интуицию. Они обеспечивают осознание внешних признаков рассматриваемого вопроса, психического состояния отдельного обучаемого как следствие определенных обстоятельств, педагогической ситуации в целом. Разнообразие актов сознания при сходстве ситуаций требует обратить внимание на структуру самого осмысления, которое не имеет устоявшихся структур его понимания. Следует также обратить внимание на корреляцию акта понимания и того содержания, которым этот акт наполнен в педагогической ситуации, восприятиях или представлениях о собственной профессиональной деятельности [16-21].

В свою очередь, эффективность педагогического взаимодействия зависит от согласованного восприятия обучаемого и педагога одного и того же способа коммуникации. Если это удастся не сразу, то выбираются те способы, которые удовлетворяют все стороны. В процессе профессионального становления этот перечень видов педагогической коммуникации рефлексивно соотносится с приобретенным профессиональным опытом, осмысливается. В нем отбираются виды, которые наиболее соответствуют стилевым особенностям педагогического творчества педагога и принимаются на вооружение как

инструменты педагогического воздействия .

Будущий педагог на этапах профессионального становления, как правило, следуют в своей педагогической практике наставникам. Если система профессиональной подготовки и его коммуникация носит узко когнитивный характер, то интеграции между профессиональной и специальной подготовкой не происходит вследствие ограниченности дисциплинарных установок. В свою очередь, подобные интеграции происходят при включении в систему внешних воздействий имитационно-игровых ситуаций, когда задействованными становятся структурные компоненты системы внутренних личностных преобразований и профессиональное становление осуществляется в структуре педагогической деятельности .

The article highlights the importance of forming the worldview of schoolchildren through the works of oral folk art. It should be noted that the foundations of Science play a huge role in the formation of a modern unified worldview, and today we are talking about the cultural and worldview capabilities of science. In the field of worldview, it is particularly necessary to focus exclusively on science, the unity of Science with other cultural forms in the formation of a modern worldview. Although children's worldview is directly related to the attitude of adults, it is known that due to the age characteristics of the child, his daily life, his own thoughts, fantasies, and games differ from those of adults. It is determined that oral folk art is a noble heritage accumulated over the centuries by the people, reflecting the psychology of children and their creative abilities.

ӘОЖ 371.39

О.П. Мәдіханова, М.А. Абдуалиева

магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
PhD доктор, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
email: orazkul94@mail.ru

ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕП ШАРТЫН ТҮСІНУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Түйін

Физиканы оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелердің бірі ол оқушыларды физикалық есептерді шешу барысында есептің шартын толық түсінуі және осы есептерді шешуге үйрету болып табылады. Физика бойынша есепті шешу әдістемесі дидактиканың жақсы дамыған саласы болып табылады, бірақ дәстүрлі әдістеме мектеп оқушыларына қойылатын заманауи талаптарға бейімделуді және білім беру процесінде білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алуды қажет етеді. Физика-математикалық және жалпы орта мектептерде тәжірибе көрсеткендей, жыл сайын физика пәні бойынша оқушылардың дайындық сапасы төмендеп жатыр. Сондықтан 10-11 сынып оқушыларын даярлауда сапалы нәтижеге жету үшін, оларды физикалық есептерді шешу барысында есептің шартын түсінуге арнайы оқыту қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі уақытта оқытудың мазмұны мен әдістеріндегі өзгерістер қарастырылып отырған мәселені бірінші орынға қойып отыр. Бұл мақалада

“физикалық есеп шартын түсіну” ұғымының мазмұны ашылады және 10-11 сынып оқушыларына физикалық есептерді шешуде есеп шартын түсіну қабілетін қалыптастыру әдістемесі ұсынылады.

Кілттік сөздер: есеп шартын түсіну, физика, физикалық есеп, оқыту әдістемесі, оқу жаттығулары, түсіну қабілеті.

КІРІСПЕ

Физикалық есеп дегеніміз ол оқушының алдына қойылатын қандай да бір проблема болып табылады. Оны шешуде белгілі бір логикалық ақыл-ой қызметі жүзеге асырылып, физикалық эксперимент жасалынып, математикалық аппарат қолданылады. Физика пәні бойынша берілген есептерді шешу үшін ең алдымен есептің шартын нақты түсіну және теориялық негіздерді білу қажет. Ал түсіну ұғымы ақыл-ой әрекетінің негізгі ажырамас бөлігі болып табылады және оны көптеген ғылымдар зерттейді: философия, психология, логика және т.б.

ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ

Физикалық есептерді шешу әдістемесі жайлы осы уақытқа дейін көптеген зерттеулер жүргізілген (А.С.Кондратьев, Д.Пойа, Г.П.Стефанова, Н.Н.Тулъкибаева, А.В.Усова). Олардың көпшілігінде есептерді шешуде ойлау, түсіну қабілетінің маңыздылығы атап көрсетілді [1].

Соңғы фактілер бойынша орта мектептерде оқушылардың көпшілігі физикалық есептерді шешуде өзіндік түсіну әдістерін қолданады екен [2].

Физика есептерін шешу – бұл математика мен физика туралы білімді ғана емес, сонымен қатар нақты дағдыларды қажет ететін күрделі процесс. Есеп шартын түсіну үшін әр оқушы берілген мәліметті мұқият оқып қана қоймай, тапсырмада сипатталған жағдайды түсінуі керек. Бұл физикалық терминдерді, белгісіз шамалар арасындағы тәуелділікті түсіну және қолдану үшін қажет болып табылады. Сондықтан физикалық есепті шешу берілген есептің шартын толық және жеткілікті түсінуді қамтамасыз ететін жағдайлар жасаудан басталуы керек [3].

Жетысай қаласының №4 Абай орта мектебінің 10-11 сынып оқушыларында физикалық есептерді шешу кезінде кездесетін қиындықтарының себептерін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 20 шақты оқушы қатысты. Оқушылардың тек 10% ғана физикалық есептерді шешуде ешқандай қиындықтар туындайтынын айтты. Ал қалғандары мынадай қиындықтар туындайтын атап өтті:

- қойылған есеп шартын толықтай түсінуде;
- есептің шартын қысқаша жазуда;
- есептің шартын кейде оңай жазғанымен, бірақ шешу тәсілін, яғни қажетті формулаларды таңдауда туындайтын қиындықтар және т.б. Осы себептердің арасында оқушылар: “мен есепте қарастырылған жағдайды елестете алмаймын”, “мәтінді формула түрінде жаза алмаймын”, “мен жазылғанның мағынасын түсінбеймін және диаграммалар, сызбаларды оқи алмаймын” дегендерде болды.

Осыған байланысты, физикалық есептерді шешуде есептің шартын түсіну қабілетін жетілдіруде оқыту әдістемесін жасау үшін мынандай компоненттер бөлініп алынды:

1. Берілген есеп шартындағы барлық терминдердің, ұғымдардың анықтамаларын білу және түсіну;
2. Есептің шартын өз сөзіңізбен қайта құру және есепте қойылған сұрақтарға жауап беру мүмкіндігі;
3. Берілген есептің шарты бойынша осы мәселе қарастырылатын физиканың бөлімі және тақырыбы бойынша мәліметтерді анықтау;
4. Есептегі барлық физикалық шамалардың өлшем бірліктерін білу;
5. Сандық қатынастарды түсіну (шаманың көп немесе аз екендігін)[4];

6. Есеп туралы ақпаратты басқа формада ұсыну, яғни есеп шартына сәйкес келетін сызбалар, суреттер, графиктер ұсыну [5];

7. Есепті шешу үшін қажет шамалардың мәндерін кесте түрінде алға тарту [6].

Дайындалатын оқыту әдістемесі – 10-11 сынып оқушыларына арналған. Түпкі мақсаты – физикалық есепті шешу барысында есептің шартын түсіну қабілеттілігін арттыру, жетілдіру болып табылады.

Бұл әдістеменің міндеттері:

- Есепте берілетін физикалық құбылыстардың мағынасын түсіну, анықтауға үйрету;
- Физикалық шамалар мен құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарын құру дағдысын қалыптастыру [7];

- Қарастырылып отырған ақпаратты әр түрлі формада ұсынуға үйрету;

- Есепке қатысты сұрақтарды дұрыс қою дағдысын қалыптастыру;

- Есептің шартын қысқаша жазу дағдысын қалыптастыру;

- Анықтамалық материалдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

- Алынған нәтижені талдай білу дағдысын қалыптастыру.

Оқушыларды физикалық есептердің шартын түсінуге үйрету бойынша мұғалімнің атқаратын жұмысы:

1) оқушылардың зерттелетін материалды түсіну дәрежесін бағалауға көмектесетін жаттығулар жасау;

2) есепте кездесетін физикалық терминдер бойынша түсіндірме сөздік жасау.

Алдымызға қойылған мақсатқа жету бойынша келесі әдіс ұсынылады:

1. Есептің шартын түсінуге үйрету үшін арнайы есептер жинағын құру;

2. Сөздікпен жұмыс: барлық физикалық ұғымдар мен терминдердің мағынасын толыққанды ашып түсіндіру, сондай-ақ оған қатысты сұрақтарды құрастыру;

3. Анықтамалық материалмен жұмыс;

4. Есепте көрсетілген ақпаратты әртүрлі формада ұсынуға мүмкіндік беретін жаттығулар жасау.

Оқыту кезінде жоғарыда көрсетілген әдістемені қолдану тиімділігі оқушыларды физикалық есеп шартын түсіну қабілетін қалыптастыру, жетілдіру бойынша жұмыс жүйесі оқу процесінің барлық сатыларында болуы керек екенін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, оқушылардың физикалық есептің шартын түсіну қабілетін қалыптастыру әдістемесін ұсынуға болады. Бұл әдістеме бойынша жұмыс жасай отырып, мұғалім оқушыларды қиындық тудырмайтын физикалық есепті шешуге жетелейді. Мұғаліммен бірге бірнеше есеп шарттарын талдағаннан кейін оқушыларда өз бетінше талдау, түсіну дағдысы қалыптасады, бұл олардың физика пәнін игеруін жеңілдетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Усова А. В. Психолого-дидактические основы формирования физических понятий: учебное пособие к спецкурсу. Челябинск : Челябинский рабочий, 1988. – 86 с.
2. Каменецкий С.Е., Орехова В.П. Методика решения задач по физике в средней школе. Пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1971. – 448 с.
3. Шаронова Н.В. Методика формирования научного мировоззрения учащихся при обучении физике : Учебное пособие по спецкурсу для студентов педвузов. – М.: МП «МАР», 1994. – 183 с.
4. Гольдфарб, Н.И. Физика. Задачник. 10-11 кл.: пособие для общеобразоват. учреждений / Н.И. Гольдфарб. - 16-е изд., стереотип. – М.: Дрофа, 2012. – 398 с.
5. Гомоюнов К.К. Совершенствование преподавания технических дисциплин: Методологические аспекты анализа учебных текстов. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1983. 206 с.

6. Чооду Ш.С. Модель формирования умения решать физические задачи у учащихся национальных школ Республики Тыва // Педагогическое образование в России, 2016. - №9. – С. 104-110.

7. Левенко О.Е. Методика обучения школьников пониманию условия физической задачи: целевой и содержательный компоненты /О.Е.Левенко// Вестник Омского университета. № 4 (66). - Изд-во ОмГУ им. Ф.М. Достоевского, 2012. – С. 281-285.

Аннотация

Одной из актуальных проблем в методике преподавания физики является понимание учащимися условий физической задачи при решении и обучение решению этих задач. Методика решения задачи по физике является развитой областью дидактики, но традиционный метод требует адаптации к современным требованиям, предъявляемым к учащимся, и учета особенностей учащихся в образовательном процессе. Как показывает практика в физико-математических и общеобразовательных школах, с каждым годом снижается качество подготовки учащихся по физике. Поэтому для достижения качественного результата в подготовке учащихся 10-11 классов необходимо специально обучать их пониманию условий задачи при решении физических задач. В настоящее время изменения в содержании и методах обучения ставят эту проблему на первое место. В данной статье раскрывается содержание понятия "понимание условия физической задачи" и предлагается методика формирования у учащихся 10-11 классов умения понимать состояние задачи при решении физических задач.

Abstract

One of the most important problems in the methodology of teaching physics is the understanding of the conditions of a physical problem by students and learning how to solve these problems. The method of solving a problem in physics is a well-developed field of didactics, but the traditional method requires adaptation to modern requirements for schoolchildren and taking into account the characteristics of students in the educational process. As practice shows in physics and mathematics and general education schools, the quality of students' training in physics decreases every year. Therefore, to achieve a high-quality result in the preparation of students in grades 10-11, it is necessary to specially train them to understand the conditions of the problem when solving physical problems. Currently, changes in the content and methods of training put this problem in the first place. This article reveals the content of the concept "understanding the condition of a physical problem" and suggests a method for developing students in grades 10-11 the ability to understand the condition of the problem when solving physical problems.

ӘОЖ 373.2.016:140.8

С.М. Сихимбаева¹, Г. Х. Мадиярова¹, Р. Е. Сихымбаева²

¹б.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²бастауыш сынып мұғалімі, Боралдай жалпы орта мектебі, Түркістан облысы, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Түйін

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының бойында жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырудың дидактикалық сипаты мазмұндалады. Жалпы халықаралық PISA бағалау бағдарламасының талаптары мен бастауыш буын оқушыларының функционалдық сауаттылығына түсіндірме беріледі. Бастауыш сынып оқушыларын оқытудың түпкі нәтижесі осы функционалдық сауаттылық, оның құрамындағы жаратылыстану сауаттылығының мазмұны мен қалыптастыру қажеттілігі жайында жазылады. Зерттеу барысында оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруда бастауыш сынып педагогының қызметі анықталады. Болашақ бастауыш сынып

педагогын даярлаудағы ұстанымдар ұсынылады.

Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруда жаратылыстану оқулығындағы түрлі айдармен берілген тапсырмалардың мазмұны зерттелген. Зерттеу барысы жаратылыстану сауаттылығын төрт аймаққа бөліп қарастырған. Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылықты түрлі деңгейлі тапсырмалар орындау барысында қалыптасатын құзыреттіліктер тұрғысында қарастырған нәтижелер ұсынылады.

Кілттік сөздер: функционалдық сауаттылық, жаратылыстану, жаратылыстану сауаттылығы, болашақ педагог, құзыреттіліктер, PISA халықаралық бағалау бағдарламасы, ғылымдар интеграциясы.

Кіріспе. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатын қолға алу 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында алғаш қарастырылған және еліміздегі білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да функционалды сауаттылық, яғни пәндік сауаттылық, оның ішінде жаратылыстану сауаттылығы оқытудың түпкі нәтижесі ретінде арнайы көзделген [1]. Оқушылардың функционалдық сауаттылығына төмендегідей құзыреттіліктермен сипатталады:

- оқу, жазу сауаттылығы;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығы;
- математикалық сауаттылығы;

– компьютерлік сауаттылық. Демек, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық мазмұнының құрылымына еніп тұрған жаратылыстану ғылымындағы сауаттылықтың түпкі нәтижесі мен қол жеткізу жолдарын зерттеу мәселесін қарастырамыз. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – бұл тек білім беру ғана емес, сонымен бірге, көп жағдайда, қоғамның ғылыми және инновациялық іс- әрекетті қолдау қабілетімен қатар, мәдени деңгейін көрсететін азаматтық сипаттама. Қазақстан Республикасында технологиялық жаңғыртуды жүзеге асырудағы халықтың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығына деген қажеттілік ғалымдар, конструкторлар, инженерлерге деген қажеттілікпен бірдей дәрежеде деп айтуға болады.

Теориялық талдау. Әлемдік білім беру кеңістігіне еркін ену мақсаты бойынша бағалау құрылымдарының халықаралық көрсеткіштерінің нәтижесі есептелініп, рейтингленеді. Сондықтан еліміздің жаңа мазмұнды оқу бағдарламаларының да мақсатты бағытының бірі оқушылардың жаратылыстану ғылыми сауаттылығын жетілдіруді негізге алу себебі де сол. Оқытудың соңғы күтілетін нәтижесі функционалдық сауаттылық, яки тұлғаның бойындағы қалыптасар құзыреттіліктер саналады. Әдебиеттерді талдау барысында аталған ұғымның мазмұнын ашу үшін М.А.Холоднаяның түсіндірмесіне назар салсақ «функционалдық сауаттылық» пен «түйінді құзіреттілік» ұғымдары табысты өмір сүріп, білім алуды жалғастыру үшін оқушы игеруі тиіс сапалық қасиеттер деп ұсынады. Демек, адам өмірлік, кәсіби қызметтегі, жанұялық өмірдегі, әлеуметтік саладағы түрлі жетістіктерге жету үшін оқушы бойында келесі «автономдық әрекет», яғни өзбетінше әрекет ету мен жеке белсенділік, «құрал қолдану», яғни физикалық, әлеуметтік, тіл, техникалық т.б., «Әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік топтарда әрекет ету», яғни толеранттық таныту, адамдармен біріккен әрекетке дайын болу деген секілді түйінді құзіреттіліктер қалыптасуы тиіс деп есептейді [2].

Жаратылыстануды оқытуда оқытудың ғылымилығы ұстанымы және теория мен практиканың байланыста болуы ұстанымы негізге алынады. Сондықтан жаратылыстану пәні бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана отырып, кәдесіне практикалық тұрғыда пайдалана алуымен сипатталады.

Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану ғылыми сауаттылығын қалыптастыруда ерекше орын алатын ұстанымдардың бірі – кіріктіру ұстанымы. Бұл ұстанымның мәні – ғылыми жаратылыстанулық білім мен адам әрекетінің түрлері және

қоғам туралы ұғымдар кіріктіріліп біртұтастықта берілуімен анықталады. Мұнда өтілген тақырыпты практикалық жаттығулармен байланыстырып отырудың нәтижеге қол жеткізер үлесімен көрсетіледі. Жаратылыстануды оқытуда функционалдық сауаттылық қалыптастырудың шарттары ол оқушылардың сұлулықты көруі мен түсінуі, бағалауы және оны қолымен ұстау, тәжірибе жасау біліктілігін дамыту секілді болып табылады. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Тәжірибелік бөлім. Зерттеу барысында анықтағанмыздай ғылыми жаратылыстану сауаттылығы келесі компоненттерден тұрады: ғылыми жаратылыстану пәндері аясында қалыптасатын «жалпы пәндік» машықтары, ғылыми жаратылыстану білімдері қолданылатын жаратылыстану ұғымдары мен жағдайлар. Зерттеу мақсатына – белгіленген машықтар мен ұғымдарды кешенді тексеру жатады. Ұсынылған сұрақтардан жаратылыстану ғылымдары жауап беретін сұрақтарды белгілей білу, берілген ақпараттың негізінде ғылыми негізделген қорытындылар жасай білу машықтарымен сипатталады.

Жаратылыстану сауаттылығы PISA халықаралық бағалау бағдарламасы бойынша үш құрамдас құзыретті қарастыратынын зерделедік. Бұл түсінік, зерттеу тәсілдері және ғалымдар өздерінің тұжырымдарын негіздеу үшін пайдаланатын фактілермен құрамдас екендігін анықтадық. Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын анықтау мазмұны: заттың құрылысы және құрамы, атмосфералық өзгерістер, физикалық және химиялық өзгерістер, қуат өткізу, күш және қозғалыс, физиологиялық өзгерістер, генетикалық бақылау, экожүйе, әлемдегі жер, географиялық өзгерістер секілді құрамдағы білімдермен үйлесе қалыптасатын түйінді құзыреттіліктер, яғни ғылыми сұрақтарды қою мен түсіну, құбылыстарға ғылыми түсінік беру, ғылыми дәлелдерді пайдалану секілді біліктермен мазмұндалады.

Жалпы оқушылардан талап етіп отырған функционалдық сауаттылықтарды қалыптастырудың бір тәсілі – жаратылыстану-ғылыми пәндердің барлығы үшін ортақ оқу тапсырмаларының номенклатурасын бөліп көрсету. Бұл номенклатура әр пән бойынша оқу тапсырмаларының барлық түрін қамтымайды, бірақ тікелей жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты анықтайтын құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды сипаттайды. Оларға жататындар [3]:

- жаратылыстану-ғылыми зерттеулердің негізгі ерекшеліктерін түсіну;
- ғылыми білім негізінде жаратылыстану-ғылыми құбылыстарды түсіндіру немесе суреттеу білігі, сол сияқты өзгерістерді болжау білігі;
- қорытынды жасау үшін ғылыми деректерді және қолдағы бар деректерді қолдану, олардың талдауы мен дұрыстығын бағалау білігі. Осы негізгі үш құзыреттілікке сәйкес тапсырмалардың да үш тобын бөліп көрсетуге болады. Бұл топтар жинақталған шартты тараулардың атаулары да оқушы тіліне түсінікті, олар үшін түрткі болатын, ынталандыратын мағынада болуы тиіс. Мысалы, тапсырмалардың бір тобын «Қалай тануға болады?» деп атауға болады. Бұған енетін тапсырмалар ғылыми танымның әдісіне жататын құзыреттіліктің біріншісіне, яғни ғылыми білім арудың тәсілдеріне сәйкес келеді. Бұл тапсырмаларда оқушыға қандай да бір фактілерді белгілеу, физикалық шамаларды анықтау, болжам-жорамалдарды тексеру тәсілдерін табу, ұсынылған проблеманы зерттеу жоспарын жасау секілді қадамдар болуы мүмкін [4].

Бастауыш сыныптарға арналған жаратылыстану оқулығында арнайы жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған «Түсіндіріп көр» айдары арқылы берілген тапсырмасы құбылыстарды түсіндіру және сипаттау, процестердің өзгерістері мен барысын болжау білігін қалыптастыратын тапсырмалар тобына сәйкес келеді. Бұл біліктер белгілі бір көлемдегі ғылыми білімге ғана емес, сонымен қатар, сол тілде түсінік немесе сипаттама берілетін құбылыстардың модельдерін операциялау қабілеттеріне сүйенеді.

Сонымен бірге оқулықтағы «Қорытынды жаса» секілді айдарда үшінші құзыреттілікке сәйкес келетін және қолда бар деректер негізінде қорытынды жасау білігін қалыптастыратын

тапсырмалардан тұрады. Бұл деректер сандар, суреттер, графиктер, схемалар, диаграммалар, ауызша суреттеулер жинағы түрінде ұсынылуы мүмкін. Берілген 10 деректердің талдауы, құрылымдық түрленуі, жинақтауы қандай да бір заңдылықтарды, үрдістерді логикалық жолмен көрсетуден тұратын қорытынды жасауға, бағалауға және т.б. мүмкіндік береді. Бұл біліктер көп жағдайда формалды, логикалық іс-әрекетке арқа сүйейтіндіктен құбылысты түсіндіру білігіне сәйкес келмейтіндей болып көрінеді, ал түсіндіру – бұл айтарлықтай дәрежеде эвристикалық әрекет [4].

Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру міндетін қойған кезде оның құзыреттілігіне де қойылатын талаптар туындайды. Біріншіден, педагог өзі жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты құрайтын құзыреттіліктерді игеруі тиіс, ал ол көп жағдайда орын ала бермейді. Тек осы жағдайда ғана ол жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты оқу үдерісінде мақсатты түрде қолдануы мүмкін, тіпті өздігімен осындай тапсырмаларды әзірлей алады. Екіншіден, педагог оқушылардың жоғарыда аталған нәтижелі іс-әрекетінің ұйымдастырушысы болуы тиіс. Бұл оның педагогикалық құзыреттіліктеріне белгілі бір талаптар қояды. Сонымен, талаптардың бірінші түрі шындығында, белгілі бір деңгейде педагог ғалым-зерттеуші біліктілігін меңгеруі, яғни өзінің кәсіби даярлығы кезінде жаратылыстану ғылымдары саласында зерттеушілік қызмет тәжірибесін алуы және толықтыруы тиіс екендігін білдіреді. Ендеше, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің осы бағыттағы біліктілігін қамтамасыз етуді мықтап ұстану шарт. Нәтижесінде болашақ педагог нәтижелі іс-әрекетті ұйымдастыру технологиясының мазмұнымен қоса зерттеушілік қызметтің түрлері мен элементтеріне, модель құруға, деректерді талдауға, жобалауға, пікірталас жүргізуге және т.б. қабілеттердің дамуына арналуы тиіс. Ендеше, оқыту үдерісінде оқушылардың жаратылыстану ғылыми сауаттылығын дамытуда оқу қызметі мазмұны мен педагогтың жеке пәндік түйінді құзыреттілігі аспектісінде жүзеге асырылуы тиіс.

Халықаралық PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздеме қорытындылар жасай білу қабілеттерімен түсіндіріледі. Осыған орай ғылыми жаратылыстану сауаттылығын төрт аймаққа бөліп қарастырумен сипатталады:

-ғылым мен технологияға сүйенетін өмірлік жағдайларды танып білуі (контекст);

-қоршаған орта мен ғылым туралы білімдерден тұратын ғылыми білімдердің негізінде техниканы қоса қоршаған әлемді түсінуі (білім);

-ғылыми сұрақтарды ажырата білуі, ғылыми жаратылыстану құбылыстарын түсіндіруі, айқын нақтылықтар мен дәлелдемелердің негізінде қорытындылар жасауы үшін ғылыми білімдерді қолданудан тұратын құзыреттіліктерді көрсетуі (құзыреттіліктер);

-ғылыми жаратылыстану біліміне деген қызығушылығы [5]. Болашақ бастауыш сынып педагогының өзінің осы аймақтарға қатысты білім, білік, дағдылар шеңберіндегі құзыреттіліктерінің жетілуіне баса назар аудару аспектісін қоса саналатыны айқындалды. Ендеше, PISA зерттеуінде бағаланатын ғылым жаратылыстану сауаттылығы мазмұнына сай білімдері, машықтары мен дағдылары ғылыми жаратылыстану циклі пәндері – физиканы астрономия элементтерімен, биологияны, химияны, география ғылымдарының да өзара интеграциясы тұрғысында қалыптасуды айтамыз.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылықты түрлі деңгейлі тапсырмалар орындау барысында қалыптасатын мына төмендегі құзыреттіліктер тұрғысына сәйкес келеді:

-құбылысты ғылыми тұрғыдан түсіндіре білуі құзыреті;

-ғылыми мәселелерді бағалау және қалыптастыра алауы құзыреті;

-деректер мен дәлелдерге ғылыми тұрғыдан түсінік бере білу құзыреті [6].

Мұнда, құбылысты ғылыми тұрғыдан түсіндіре білу құзыреті бірқатар табиғи және апаттық құбылыстарды анықтау, бағалау және түсіндіру қабілеті ретінде анықталады. Білім алушылар тиісті ғылыми білімді еске түсіріп, қолдану, түсіндіру және ұсыну үлгісін анықтау,

пайдалану және жасау, тиісті болжамдар жасау және негіздеу, түсінік беру гипотезаларын ұсыну және ғылыми білімнің қоғам үшін әлеуетті салдарын түсіндіре алулары арқылы көрінеді.

Ал ғылыми баяндамаларды және зерттеулердің нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалауға қажетті ғылыми мәселелерді қалыптастыру құзыреті бойынша өлшенеді. Осылайша, ғылыми зерттеуді сипаттау және бағалау, мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешу жолдарын ұсыну қабілеті бойынша анықталады. Ендігі жерде, деректер мен дәлелдерге түсінік беру құзыреті ғылыми деректерді, тұжырымдарды және дәлелдерді әртүрлі жағдайларды талдау қабілеті ретінде анықталады. Әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратқа түсінік бере алатын білім алушылар, ғылыми тұрғыдан ғылыми мәтіндерде жасырынған дәлелдер мен дәйектерді анықтай алады және ғылыми қорытындыларды бағалай алады.

Демек, педагог мамандар оқушылардың жаратылыстанудан оқытуды ұйымдастырғанда осы жоғарыдағы санаттардағы құзыретке қол жеткізу мәселесінде ойлану тиіс. Тапсырмалар желісін де осы бағытта түрлендірулері шарт.

Бұрынғы сынақ нәтижелерін талдап, зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану ғылыми сауаттылығын тексеру нәтижелері мына себептерді айқындауға мүмкіндік туғызды:

– оқу үрдісінде біздің оқушыларымыз іс жүзінде пәнаралық сипаттағы тапсырмалармен, қоғамдық және жеке міндеттерді шешуде оларға оқу қажет болатын өмірлік жағдайлармен, білім алушылардың өмірлік қызығушылықтары мен әлеуметтік тәжірибесінен алшақтаған тапсырмалармен, арнайы дайындықты, жұмысты қызу орындау мерзімін талап ететін жауаптардың бірін таңдау тапсырмалармен жұмыс жасай алмаулары;

– іскерлік стильдегі мәтіндермен, диаграммалардан, кестелерден, сызбалар мен карталардан тұратын мәтіндермен жұмыс істей алмаулары;

– Қазақстан оқушылары құбылыстар мен оқиғаларға өздерінің әртүрлі көзқарастарының ара қатынасын белгілеуді, өз көзқарасын білдіруді талап ететін тапсырмалардан қиналды. Қарапайым жағдайларда білімін еске түсіруге арналған тапсырмаларды жетістікпен орындап, оларды шын өмірге жақын жағдайларда қолдану барысында кемшін қалған.

Осындай себептердің келешекте болдырмас үшін болашақ педагогтарды дайындау барысында назарға алу шарттары төмендегідей:

-болашақ педагогтардың сыни тұрғыдан ойлау, эксперимент жасау, өз қорытындыларын дәлелдермен негіздеу, теорияларды өмірлік жағдайларда пайдалану қабілеттерін дамыту әдістемесімен терең жұмыс жасау;

-пәннің оқу бағдарламасының мазмұнын жаңарту шеңберінде деректермен, яғни күрделі кестелер, диаграммалар, графиктермен жұмыс жасауды және аналитиканы дамытудың техникаларын енгізу;

-жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылықты арттыру мақсатында шығармашылық қызметті дамытуды қамтамасыз ету;

-оқу процесіне құзыреттілік тәсілін енгізу және оны ғылымдар интеграциясы тұрғысында басым білім беруді көздеу [7].

Жаратылыстану» пәнін оқыту үдерісі кіріктіру ұстанымына негізделген жағдайда ғана, бастауыш сынып оқушысы «адам – табиғат – қоғам» жүйесіндегі өзара байланысты ұғынады, экологиялық мәдениеттің қарапайым білік, дағдыларын игереді, өзінің табиғаттағы, әлеуметтік өмірдегі, қоғамдық ортадағы орнын түсініп, жеке тұлға ретінде өзін-өзі, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін сезінетін болады.

Қорытынды: Қазіргі заманғы қоғам өмірінде оқушылардың жаратылыстану ғылымдары мен технологияларын түсінуі, оларға өмірге әсер ететін жаратылыстану ғылымдары мен технологиялары салыстырылатын қоғамдық стратегияны қалыптастыру жұмыстарына қатысуға мүмкіндігі және оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында

менгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін дарыту мақсаты осындай ғаламдық мәселелерден шығып тұрғанын көрсетуде.

Демек, «Жаратылыстану» білім саласы бойынша күтілетін оқу нәтижелері жаратылыстану ғылыми сауаттылық мазмұнымен сипатталады. Олар құқықтық нормативті құжаттағы көрсетілген төмендегідей нәтижелермен сәйкестенді:

1) ғылыми ұғымдарды, тіршіліктің даму заңдылықтарын қолдана алады, қоршаған ортадағы өзінің орнын сезіну үшін тірі табиғаттағы үдерістердің себеп-салдарын, өзара байланысын анықтай алады;

2) табиғи құбылыстар мен үдерістердің, заңдар мен заңдылықтардың мәнін ашып, оларды түсіну үшін тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын жүргізе алады;

3) ғылыми-жаратылыстану білімінің негізін құрайтын ақпараттық ұғымдарды ажыратып, оларды әлем туралы түсініктерін кеңейту мақсатында қолданады;

4) сындарлы шешім қабылдау үшін қоршаған ортадағы өзгерістер арасындағы өзара байланысты ажыратады, адам әрекеттерінің экожүйеге ықпалын анықтайды, сонымен қатар табиғатты қорғаудың қажеттілігін дәлелдеп, аргумент келтіре алады;

5) экологиялық, техногендік факторлар мен адамгершілік нормаларды ескере отырып, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу үшін ғылыми-жаратылыстанудан алған білімін өмірдегі тәжірибесімен байланыстыра алады.

Оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығы, яғни ғылыми жаратылыстану пәндері аясында қалыптасатын «жалпы пәндік» машықтары, ғылыми жаратылыстану білімдері қолданылатын жаратылыстану ұғымдары мен жағдайлар және белгілі бір затқа деген негізгі ой, көзқарастар жүйесінен тұратыны анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы. Астана, 2012, 196.
2. Түркменбаев Ә.Б. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы мектептерде жаратылыстану пәндерін интеграциялық оқыту процесінің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.01. Түркістан, 2006, 180 б.
3. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. Астана: БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014, 40 б.
4. С.Кузнецова, Д.Сапаков, И.Васева, А.Жамиева, М.Кусаинова, М.Тасбулатова Жаратылыстану. 3-сынып. Мұғалімге арналған нұсқаулық. - Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері», 2018, 148 б.
5. «PISA-2015 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері» Ұлттық есебі, 2017 жыл, С.Бірсадиев, А.Құлтуманова, Е.Сабырұлы, М.Аманғазы. Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017, 240 б.
6. Жаратылыстану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2016, 33б.
7. Қоңырова А.Т., Саурықова Қ.Е. PIRLS - бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын бағалау: Әдістемелік құрал. Алматы: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Алматы қаласы бойынша ПҚ БАИ, 2016, 160 б.

Аннотация

В статье излагается дидактический характер формирования естественнонаучной грамотности у младших школьников. Дается разъяснение требований общероссийской программы оценивания PISA и функциональной грамотности учащихся начального звена. Конечным результатом обучения младших школьников является функциональная грамотность, содержание и необходимость

формирования в ней естественнонаучной грамотности. В ходе исследования определяется деятельность педагога начальных классов в формировании естественнонаучной грамотности учащихся. Предлагаются подходы к подготовке будущего педагога начальных классов.

В формировании естественнонаучной грамотности младших школьников изучено содержание заданий под разными рубриками учебника естествознания. Ход исследования разделил естественнонаучную грамотность на четыре области. Предлагаются результаты изучения грамотности младших школьников по естественным наукам в контексте компетенций, формируемых в ходе выполнения разноуровневых заданий.

Abstract

The article describes the didactic nature of the formation of natural science literacy in primary schoolchildren. An explanation of the requirements of the All-Russian PISA assessment program and the functional literacy of primary school students is given. The end result of teaching primary schoolchildren is functional literacy, content and the need for the formation of natural science literacy in it. In the course of the study, the activity of the primary school teacher in the formation of natural science literacy of students is determined. Approaches to the preparation of a future primary school teacher are proposed.

In the formation of the natural science literacy of primary schoolchildren, the content of assignments under different headings of a natural science textbook was studied. The course of the study divided science literacy into four areas. The results of studying the literacy of primary schoolchildren in natural sciences in the context of competencies formed in the course of performing tasks at different levels are offered.

ӘОЖ 373.3:048.35

С.М. Сихимбаева¹, Р.К. Тастанбекова¹, Р.Е. Сихимбаева²

¹б.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²бастауыш сынып мұғалімі, Боралдай жалпы орта мектебі, Түркістан облысы, Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГЫНА SMART -ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН МЕҢГЕРТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Түйін

Бұл мақалада заманауи ақпараттық қоғамның қажетті талаптарының бірі сандық технологиялардың жедел дамуынан туындаған Smart оқыту технологиясының практикаға енуі жайында мазмұндалған. Smart оқыту технологиясын болашақ бастауыш сынып педагогтарына меңгерту жайы зерттелген. Электронды білім беру жүйесінің жаңа мүмкіндіктерінің бірі Smart оқыту немесе ақылды білім беру технологиясы және болашақ мамандарды үйрету жолдары қарастырылған. Мақалада smart оқытуда қол жеткізер жетістіктер мен кедергілер келтірілген. Smart білім беру үлкен көлемдегі әр түрлі білім ресурстарының (аудио, видео, графика) білімалушыларға қажетінше оңай әрі жылдам, ыңғайлы түрі екендігі мазмұндалады. Smart оқыту тәжірибесі жан- жақты зерттеліп, салыстырып, талдау жасалған. Smart-оқыту технологиясын меңгертуде кедергілері де анықталған. Қазіргі білім беру форматының, яғни қашықтан оқыту болашақ мамандарға Smart оқыту құзыреттіліктерін игеруіне зор мүмкіндік болғаны жайында жазылады.

Кілттік сөздер: ақпараттық технология, электронды білім беру, Smart технологиясы, контенттер, қауымдастық, интернет ресурстар.

Кіріспе. XXI ғасырдың аса ерекше оқиғаларының бірі – ғаламдық жаһандану кеңістігіндегі озық тәжірибелер мен ақпараттық технологиялардың қарқыны адам таңқаларлықтай жедел дамуына куә болуымыз. Жаһанда және елімізде бұрын-соңды болмаған орасан үлкен өктем өзгерістер жалпы адамзат даму заңдылығының негізгі де, әрі күрделі компоненті болып саналатын білім жүйесіне үлкен ықпалын тигізгені анық.

Қазіргі кезеңде елдердің бір-бірінен салыстырмалы тұрғыда артықшылығы, бәсекелестік күш-қуаты, олардың табиғи ресурстарымен емес, көбінесе адам капиталымен, инновациялық технологияларды және ақпарат ағымын ұтымды пайдаланумен өлшеніп отыр.

Білім берудің жаңа мазмұны әлемдік заманауи озық тәжірибелерге негізделуі, яғни ғаламдық білім беру параметрлері мен дидактикалық қағидалардың интеграциялануына бағытталды.

Елбасымыздың жолдауында: «Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс»-деген болатын. Ол бүгінгі білім беру кеңістігінде ауадай қажет, әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыстан тұратыны [1].

Теориялық талдау. Оқыту үдерісін нәтижелерге бағыттай ұйымдастыруда заманауи ақпараттық технологияларына баса мән бере, дәлірек айтқанда, электрондық ресурстардың мүмкіндіктерін білім беру арнасына барынша ендірейінше, ақпараттық қоғамның толық қанды мүшесі болу мүмкін емес. Заманауи ақпараттық қоғамның белсенді мүшесі болу-халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту әрекетін меңгеру деген сөз. Айталық, мәселен, (E-Learning) электронды білім беру жүйесінің жаңа бар мүмкіндіктерін пайдалану. Электронды білім беру көп елдердің білім жүйесіне қарқынды енгізіліп отырған оқытудың озық формаларының бірі, сонымен қатар SMART технологиясының, яғни «ақылды оқыту» түрінің нұсқаларын қолдану бір төбе. Мұнда білімалушылардың дербес дамуын көздейтін, жұмыс жасау әрекеттерін жеңілдету мақсатында SMART –орта құру. Smart білім беру үлкен көлемдегі әр түрлі білім ресурстарының (аудио, видео, графика) білімалушыларға қажетінше оңай әрі жылдам, ыңғайлы түрде жеткізілуі [2]. Сонымен қатар, Smart білім беру оңай басқарылатын және әрдайым сыртқы білім ресурстарымен толығып отыратын болуы тиіс.

Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту Smart оқытуға ауысып жатыр. Оқыту үдерісінде білім алушылардың өздігінен дербес білім алуына басымдық берілуі кеңінен қанат жайды. Ендігі міндет – сол алған білімнің адамға қызмет етуіне мүмкіндік беретін Smart оқыту ортасын дамыту. Сондықтан, smart оқытуға арналған мүлде жаңа форматтағы оқулықтарды, яғни мәтін, сурет, видео, анимация, графика ендірілген ақылды кітаптарды дайындайтын, яки дайын сол өнімдерді кедергісіз қолдана білетін педагогтерді дайындау қажеттігі басымдыққа ие болып отыр.

Қазіргі таңда Smart технологиясын өндірушілер – АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея елдерінде кең етек жаюда [3]. Осыған байланысты қазіргі кезде біздің елімізде де Smart мектептер қалыптасып келеді.

Smart оқыту немесе ақылды білім беру – бұл ыңғайлы түрде интерактивті ортада жүзеге асырылған әлемдік деңгейдегі қолжетімді контент арқылы білім беру болып табылады. Smart оқыту түсінігінің негізі ол кең ауқымды қол жетімді білім ресурстары. Smart оқыту барлық білім беру үдерістерін және осы үдерісте қолданылатын барлық әдістер мен технологияларды түгелдей жаңаруын жүзеге асырады және де ақылды тақта, ақылды экран, кез-келген жерден интернетке қосылу сияқты жаңа технологиялардың туындауына себеп болады. Осы пайда болған жаңа технологиялар контентті жасақтап, жүйелеп, пайдаланушыға жеткізеді. Соның арқасында білім беруді жүзеге асыру тек сыныпта ғана емес, кез-келген жерде: үйде немесе мұражай, кафе сияқты қоғамдық жерлерде де мүмкін болады. Яғни білім беру үдерісінің кез келген қатысушысы (оқушы немесе мұғалім) интернет желісі арқылы ортақ контентті белсенді пайдалана алады [4;5]. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің уақытқа немесе орынға (сынып, аудитория) тәуелді етпей ақ, өз бетінше қашықтықтан білім ала беруіне және озық үлгідегі нұсқаларынан білім алуға мүмкіндігін көрсетеді. Сондықтан, жаңа ғасыр педагогынан да озық үлгідегі электрондық контенттермен ең болмағанда жұмыс жасай алу әлеуетін жетілдіру мақсатына қол жеткізудің тұстарын талап етілуде және оны

қамтамасыз ету шарт. Болашақ мұғалім Smart оқыту шеңберінде пәндерге бөлу арқылы әрбір оқушыға жеке білім беруді ұйымдастыра алуын өқамтамасыз ете алуын да меңгеруі тиіс. Ендеше, болашақ мамандарға осы әдістемелік құзыреттіліктерді меңгертуге басымдық берудің мүмкіндіктерін зерттеу саналап отыр.

Тәжірибелік бөлім. Smart тұжырымдамасының енуіне байланысты оқушының да, мұғалімнің де білім беру жүйесіндегі рөлдері өзгереді. Бұрын оқушы үшін жалғыз білім ресурсы сабақтағы дәріс болғандықтан оқушы сабаққа қатысуға міндетті болатын. Ал қазір ақпараттық технологиялардың негізін меңгерген оқушы интернет құралдары арқылы өзіне қажетті кез-келген ақпаратты таба алады. Мұғалім жаңа білім контенттерін жасақтап, оқушыны соған бағыттауы керек.

Smart мұғалімнің міндеттеріне жаңа талаптар қойыла бастайды. Мұғалім өз пәні бойынша жоғары құзіретті болып қана қоймай, сонымен қатар ол ауқымды көлемде басқа да ақпараттарды игеруі керек. Smart оқытуда 80 пайызы сыртқы электрондық ресурстардан құралып, 20-30 пайызы ғана кітапты пайдалануы керек. Smart оқулықтар осындай талаптарға сәйкес болуы керек. Smart оқулық – бұл интернет ресурстар арқылы үнемі толықтырылып отыратын мазмұны бойынша жинақталған құрама оқу материалдары [6].

Өз кезегінде Smart білім берудің мақсаты білім беру үдерісін электрондық ортаға көшіру арқылы оқытудың тиімділігін арттыру болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда ғана мұғалім өз білімін оқушыларға түгелдей жеткізе алады. Тақырып аясында зерттеу жұмыстарымызды Өрлеу БАҰО мамандарының тәжірибесін зерделеуден бастауымыз тектен тек емес.

Қазіргі мектеп жағдайындағы қызмет жасап жатқан мұғалімдерді жаңа жағдайға бейімдеу негізі біліктіліктерін арттыру курстарын ұйымдастыру бағдарламасының құзырына кіреді. Ал ЖОО білім алып жатқан болашақ бастауыш педагогының аталған құзыреттіліктерді жетілдіру әдістемесін қарастыру. Мұнда алдымызда Smart-оқыту технологиясын меңгеруді зерттеу мынадай бағытта көзделді:

1. Сандық технологияларды қолдану негізінде болашақ педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін арттыруды ұйымдастыру барысын зерттеу;

2. Электронды оқыту жүйесі негізінде болашақ педагогтарды дайындауда Smart оқыту жүйесіндегі контент дайындау барысында технологиялар және құрылғылармен жұмыс жасауды үйрету.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеудің нәтижесі бойынша смарт оқыту тәжірибесін жан жақты зерттеп, салыстырып, талдау жасау кезінде мына төмендегідей нәтижелерді анықтап көрсеткіміз келеді:

-Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің смарт оқыту құзыреттілігін қалыптастыру әлемдік тенденцияға сәйкес дамуда.

-ЖОО білімалушыларға, яғни болашақ педагогты смарт оқытуға дайындау мүмкіндігіне негізделген АКТ- инфрақұрылым толық жабдықталған.

-Республикалық білім беру салаларының деңгейінде контенттер жасақталуда, сандық білім ресурстары құрылуда.

-Отандық жұмыс жасап жатқан «Білім» телеканалының тәжірибесі еркін таратылуда.

Алайда, Smart-оқыту технологиясын меңгертуге кедергі келтіретін жайттар да өткір күн тәртібінде тұрғаны анық. Олар:

1) мобильді (Smartphone, iPod, PC tablet) заманауи технологиялық базасын қолдану бағыты жеткіліксіз;

2) Білім беру ұйымдарының Интернетке қосылу жылдамдығы барлығына бірдей емес, төмен;

3) Білім сапасын қамтамасыз етуде болашақ педагогтардың сандық білім ресурстарын қолдануға қызығушылығы әлі де болса төмен;

4) материалдық-техникалық базаның, яғни бейнестудия, бейнемонтаж, бейнедизайн студияларының бәріне бірдей қолжетімсіздігі [7].

Сондай кедергілерге қарамастан болашақ бастауыш педагогтарын смарт оқытуға дайындауда теориялық білімнің, қазіргі таңдағы қашықтан оқыту форматының жүзеге асырылу барысы көп мүмкіндіктерді ашып берді. Өзін өздері жетілдіру бағытын басым қолданып, машықтануда. Онда АКТ мен Интернет инфроқұрылымының конвергенциясы, яғни дайын мультимедиа қалпында онлайндық бағдарламалық қамтамасыздандыру мен контенттің бірігуін пайдалануы белсенді қолдануын айтамыз.

Қорытынды. Қорыта келгенде, технологиялар біздің өмірімізге үлкен жылдамдықпен енуде және оның бәсеңдеуі мүмкін емес. Білім саласы да көп өзгерістерге ұшырап, көп жағдайда технологиялық жаңашылдықтарға байланыста дамуын одан әрі үдете түскені анық. Ендеше, жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы, білім берудің жаңа үлгісінде іскерлік сипат байқалып, өз бетінше үздіксіз білім алуға ұмтылуды қалыптастыру және технологиялық мүмкін әлеуетімізді дамытуға басымдық беруімізді талап етеді. Ендігі міндет – сол алған білімнің адамға қызмет етуіне мүмкіндік беретін Smart оқыту ортасын дамыту болып табылады.

Қашықтықтан білім беру және электронды білім беру жаңа бүкіләлемдік көрініске - смарт оқытуға жол салды. Болашақ педагогтарды осы жылғы оқыту форматының қашықтықтан түріне көшу барысында білімалушылар өздеріне қажетті білім контенттерімен білім алмасуға мүмкіндік беретін интернет қауымдастықтарын, әлеуметтік желілердегі мүмкіндік әлеуеттерін қолдана алуын да меңгере түсті.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бірмақсат, бірмүдде, бірболашақ. 17 қаңтар 2014 жыл.
2. Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі. Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013. 448 б.
3. Сафуллин Е.Н., Дускалиев Н.К., Шагиров С.С. Смарт оқытуға алғашқы қадам. Орал: «Өрлеу» АҚ «ҰБАОБҚО» филиалы, 2014. 278 б.
4. Тихомиров В.П., Тихомирова Н.В. Smart-education: новый подход к развитию образования. Доступно на: <http://www.elearningpro.ru/forum/topics/smart-education> <http://smartmesi.blogspot.com/2012/02/smart-education.html> (от 18.12.2020 г.).
5. Smarteducation — новая философия образования. Ваш партнер-консультант №50 (9366). Доступно на: <http://www.eg-online.ru/article/120870/> (от 11.01.2021 г.)
6. Кенжебаев К. Smart технологии изменят систему образования» Доступно на: http://www.trainings.ru/library/education_experience/?id=14024 (от 18.12.2020 г.).
7. Электрондық оқыту жүйесін қолдану бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар. Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015, 41 б.

Аннотация

В данной статье изложено одно из необходимых требований современного информационного общества о внедрении в практику технологии Smart обучения, обусловленное ускоренным развитием цифровых технологий. Изучено освоение технологии Smart обучения будущими педагогами начальных классов. Одной из новых возможностей системы электронного образования является Smart обучение или технология умного образования и способы обучения будущих специалистов. В статье представлены достижения и барьеры, достигнутые в интеллектуальном обучении. Smart образование представляет собой простой и быстрый, удобный для обучающихся вид различных образовательных ресурсов большого объема (аудио, видео, графика). Опыт Смарт-обучения всесторонне изучен, сопоставлен и проанализирован. Выявлены препятствия в освоении технологии Smart обучения. Пишется о том, что современный формат образования, то есть дистанционное обучение, дает возможность будущим специалистам овладеть умными обучающими компетенциями.

Abstract

This article outlines one of the necessary requirements of the modern information society for the introduction of Smart learning technology into practice, due to the accelerated development of digital technologies. Studied the development of Smart learning technology by future primary school teachers. One of the new features of the e-education system is Smart learning or smart education technology and ways to train future specialists. The article presents the achievements and barriers achieved in intellectual learning. Smart education is a simple and fast, student-friendly view of various educational resources of a large volume (audio, video, graphics). The experience of Smart Learning has been comprehensively studied, compared and analyzed. The obstacles in mastering the Smart-learning technology have been identified. It is written that the modern format of education, that is, distance learning, makes it possible for future specialists to master smart learning competencies.

УДК 37:001.12/.18

А.Н. Турысбекова¹, А.Т. Сарипбекова²

¹педагог-психолог, ГККП Ясли – сад №9, Алматы, Казахстан

²старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

ПСИХИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В статье рассмотрены сферы психического развития ребенка дошкольного возраста: эмоциональная сфера, самосознание, воля, речь, сенсорное восприятие, память, внимание. Выделены их особенности формирования в сензитивный период. Дошкольное детство охватывает большую часть жизни ребенка. Данный возраст - прямым продолжение раннего возраста в сфере общей сензитивности, которая осуществляется неудержимым онтогенетическим потенциалом к развитию. В данный период условия жизни активно расширяются: границы семьи расширяются до границ улицы, города и страны. Ребенок испытывает большое желание войти во взрослую жизнь, а также принимать в ней активное участие, что пока ему недоступно. Он жаждет самостоятельности. Данное противоречие рождает ролевую игру - самостоятельную деятельность детей, моделирующих жизнь взрослых. В статье охарактеризовано развитие различных сфер психологического развития ребенка дошкольного возраста. Дошкольный возраст является особенно ответственным периодом в процессе воспитания, т. к. это возраст начального личностного становления ребенка.

Ключевые слова: психическое развитие, дошкольный возраст, познавательные процессы, психические процессы, личностная готовность.

Дошкольный возраст охватывает жизненный период детей с от 3 до 7 лет. Условия жизни расширяются: рамки семьи раздвигаются до пределов улицы, города, страны. Ребенок открывает мир человеческих отношений. Он испытывает желание включиться во взрослую жизнь, и испытывает желание к самостоятельности. Ведущая деятельность в этот период - сюжетно-ролевая игра. Играя, он учится общаться со сверстниками. Дошкольное детство - это период творчества. Ребенок творчески осваивает речь, у него появляется творческое воображение. У дошкольника своя особая логика мышления, подчиняющаяся динамике образных представлений. В этом возрасте перестраиваются вся психическая жизнь ребенка и его отношение к окружающему миру [1]. Возникает внутренняя регуляция поведения. В дошкольном возрасте сам ребенок начинает определять собственное поведение. К началу каждого возрастного периода складывается своеобразное, специфическое для данного возраста, исключительное, единственное и неповторимое отношение между ребенком и окружающей его действительностью, прежде всего социальной. Это отношение Л. С. Выготский назвал социальной ситуацией развития [3]. В процессе развития отношений между ребенком и взрослым и дифференциации всех видов его деятельности происходит:

возникновение и развитие соподчинения мотивов, усвоение этических норм, развитие произвольного поведения и формирование личного сознания. Основными новообразованиями дошкольного возраста являются:

Қойылған міндеттерді шешу үшін психолог студенттерге бірқатар әдістерді қолдану ұсынылады: жүйелік, теориялық және практикалық модельдеу; ғылыми әдебиеттерді, нормативтік-құқықтық актілерді, бағдарламалық-әдістемелік материалдарды талдау; салыстырмалы-салыстырмалы, логикалық, ретроспективті; сұрақ-диагностикалық (сауалнама, сұхбат, әңгімелесу, тестілеу, бағалау, тәуелсіз сипаттамаларды қорыту); обсервациялық (тікелей, жанама, енгізілген байқау, өзін-өзі бақылау); праксиметриялық (балалар мен педагогтардың, әлеуметтік педагогтардың, психологтардың, клиникалық психологтардың, физиологтардың, нейропсихологтардың қызмет өнімдерін талдау). Курс дамуында проблемалары бар балалармен жұмыс істеу негіздерінен бастап, оларды диагностикалаудан бастап, балалардың осы санатымен түзету-дамыту, алдын алу және оңалту жұмыстарының ерекшеліктерін қарастыруға дейінгі тақырыптардың кең ауқымын қамтиды. Әртүрлі ауытқулары бар балалармен жұмыс істеудің практикалық аспектілеріне ерекше назар аударылады: көру, есту, ақыл-ой, ақыл-ой дамуының тежелуі және ерте балалық аутизм, сондай-ақ тірек-қимыл аппаратының бұзылуы. Бұл курстың құрылысы инновацияға айналды, өйткені әрқайсысының өзіндік жұмысын және өз білімін бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін кейс-технологиялар әдісі қолданылады. Бұл психолог студенттерге алған білімдерінің қажеттілігіне, олардың орындылығына және болашақ кәсіби қызметінде пайдалану мүмкіндігіне көз жеткізуге мүмкіндік берді. «Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту» [6, 8-9], - деп С.Дарибаева өз зерттеуінде атап өтеді. Болашақ педагог-психологтарды инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындау бойынша тренингтік сабақтардың мақсаты мынадай құзыреттерді қалыптастыру болып табылады:

1) жас ерекшеліктеріне, сенсорлық және интеллектуалдық ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі бұзылған дамуы бар балалардың бірлескен және жеке іс-әрекеттерін ұйымдастыру қабілеті;

2) диагностикалық және түзету-дамытушылық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін ұсынылған әдістер мен технологияларды қолдануға дайындық;

3) әртүрлі үлгідегі денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың даму тарихы мен ауруы туралы ақпаратты жинау және бастапқы өңдеуді жүзеге асыру қабілеті;

4) әртүрлі типті бұзылған дамуы бар балалардың психикалық даму ерекшеліктері мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға психологиялық ағартуды жүзеге асыру қабілеті. Тренингтік сабақтар бағдарламасы үш кезеңнен тұрады — бағдарлы (1 сабақ), негізгі (11 сабақ) және қорытындылаушы-бекітуші (3 сабақ). Индикативті кезеңнің міндеттері:

1) студенттермен эмоционалды-позитивті байланыс орнату;

2) тренингтік сабақтардың ережелерімен, нормаларымен таныстыру;

3) топқа жату сезімін қалыптастыру. Кезең аясында танысу ойындары мен жаттығулары, сондай-ақ топқа жату сезімін қалыптастыруға бағытталған құралдар мен әдістер қолданылады. Негізгі кезеңнің міндеттері:

1) Дамуында проблемалары бар балаларға және олардың ата-аналарына эмпатияны және толерантты көзқарасты қалыптастыру;

2) аффилиация мотивациясын, дамуында проблемалары бар балалармен жұмыста

жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және өзіне деген сенімділікті қалыптастыру;

3) Дамуында проблемалары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде туындайтын психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешуге үйрету. Сабақтарда рөлдік ойындар, арт-терапия әдістері, педагогикалық жағдайларды тренингтік шешу, эмпатияны, төзімділікті, релаксация әдістерін дамытуға бағытталған жаттығулар қолданылады. Жалпылау-бекіту кезеңінің міндеттері:

1) Дамуында проблемалары бар балалармен өзара әрекеттесудің қалыптасқан барабар нысандары мен тәсілдерін қорытындылау;

2) алған оң тәжірибені психологиялық-педагогикалық практикаға ауыстыруға ықпал етуге міндетті. Бұл кезеңде педагогикалық жағдаяттар ойнатылады, сондай-ақ эмпатия мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған ойын жаттығулары қолданылады. Алынған білім, білік және дағдылардың практикалық қолданылуы кешенді психологиялық-педагогикалық практикадан өту болды, ол аралас типтегі мемлекеттік орта білім беру мекемелерінде қарастырылған, онда студенттер инклюзивті білім беру жағдайында дамуында проблемалары бар балалармен мектеп психологының негізгі қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Болашақ педагог-психологтардың дамуында проблемалары бар балалармен жұмыс істеуге психологиялық-педагогикалық дайындығын қалыптастыру жөніндегі қызметтің жалғасы «жаппай білім беру мекемелерінде дамуында проблемалары бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбы бойынша проблемалық топтағы жекелеген студенттердің жұмысы болды [7,12]. Бұл жұмыс болашақ психологтарға интеграция және инклюзивті білім беру жағдайында дамуында проблемалары бар балалармен жұмыс істеу үшін қажетті білім, білік және дағдыларды кеңейтуге мүмкіндік берді. Дамуында проблемалары бар балаларды алып жүру мәселесі бойынша проблемалық топтағы студенттердің жұмысы ғылыми-зерттеу қызметінде көрініс тапты: ғылыми конференцияларға қатысу (күндізгі және сырттай), осы мәселе бойынша мақалалар жариялау, олимпиадаларға қатысу. Студенттер дамуында проблемалары бар балалардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық білім беру туралы буклеттер, қабырға газеттерін дайындайды. Студенттер дайындаған материалдар түзету үлгісіндегі мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, түзету және теңестіру сыныптары бар аралас үлгідегі орта білім беру мектептерінде және ЖОМ орналастырылады. Буклеттер мен газеттерде гиперактивтіліктің бұзылуы бар балаларды тәрбиелеу, денсаулығы нашар балаларға арналған күн тәртібі мен сауықтыру шараларын ұйымдастыру, жоғары психикалық функцияларды дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар және т. б. туралы ақпарат бар. Болашақ педагог-психологтарды мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге дайындау проблемасын шешу елде инклюзивті оқытуды қарқынды енгізуге мүмкіндік береді; түлектердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырады, яғни білім беру қызметтерін тұтынушылардың барлығы — жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің сұраныстарын қанағаттандырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ерменова Л.Б. Инклюзивті оқыту жағдайында қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс – тәсілдері. «Инклюзивті білім беру: тәжірибесі, мәселелері және даму болашағы»: атты ғыл.-әдіст. семинар. матер. жинағы. Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2016, 86 б.
2. Выготский Л.С. Проблемы дефектологии. Москва: *Просвещение*, 1995, 527 с.
3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Астана: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016, 55 с.
4. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жолдары /Құраст.: А.К.Рсалдинова, А.М.Кемешова. Алматы: «Өрлеу» ҰБАО АҚФ ҚР БЖҚБАРИ, 2019, 64 б.
5. Арнайы педагогика / Л.С. Заркенова, Н.Н. Омарова, Б.И. Ильясова. Алматы: Эверо, 2014, 180 б.

6. Дарибаева С.К. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы /С.К.Дарибаева // Молодой ученый, 2019, №15,1 (253.1), С. 8-9. Доступно на: <https://moluch.ru/archive/253/58198/> (от 11.01.2021).

7. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. 2011, 162 б.

Аннотация

В статье рассматриваются специфические особенности подготовки будущих педагогов-психологов к работе в условиях инклюзивного образования. В ходе написания статьи он остановился на образовательной функции, исследует развитие личности: ее духовное, нравственное, художественное, культурное развитие и ее социализацию. Исследует понятие инклюзивного образования, включая совместное обучение (воспитание), совместные учебные занятия, досуг, дополнительное образование лиц с ограниченными возможностями. В связи с тем, что в настоящее время появляется тенденция к рассмотрению обучения в нормальных классах, будут затронуты основные особенности сопровождения доступа к ребенку. Вместе с тем, инклюзивное образование – это создание необходимых условий и обеспечение доступности образования для всех детей независимо от их психических и физических возможностей, социального и экономического статуса, культуры, индивидуальных особенностей родителей для получения образования и достижения продуктивного успеха.

Abstract

The article discusses the specific features of preparing future teachers-psychologists to work in the conditions of inclusive education. In the course of writing the article, he focuses on the educational function of Education, examines the development of the individual: its spiritual, moral, artistic, cultural development and its socialization. He focuses on the concept of Inclusive Education, conducts research on joint training (education), including joint training sessions, leisure activities, and additional education for people with disabilities. Currently, there is a tendency to consider teaching in normal classes, so we will talk about the main features of child access support. At the same time, it seeks to determine that inclusive education is the creation of the necessary conditions for obtaining and productive success of all children, regardless of their mental and physical capabilities, social and economic status, culture, and individual characteristics of their parents, and ensuring the availability of education for all.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCES**

ӘОЖ 517.9 (075.8)

А.О. Байдибекова, А.М. Сайдазимова

п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**КӨРСЕТКІШТІК ТЕНДЕУЛЕРДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҮЙЕЛЕРІН ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ**

Түйін

Көрсеткіштік теңдеулер үш жолмен шығарылады: бірдей негізге келтіру, жаңа айнымалы енгізу әдісі, графиктік тәсіл, бірдей негізге келтіру тәсілімен көрсеткіштік теңдеулерді шығару алгоритмі, теңдеудің екі жақ бөлігін де бірдей негізге келтіру, теңдеудің сол жақ бөлігіндегі дәреженің көрсеткішін оң жақ бөлігіндегі дәреже көрсеткішіне теңестіріп, мәндес теңдеу алу, шыққан теңдеуді шешу, табылған түбірлерді берілген теңдеуге қойып тексеру, берілген теңдеудің шешімін жазу. Көрсеткіштік теңдеулерді жаңа айнымалы енгізу әдісімен шығару алгоритмі: айнымалыларды жаңа айнымалымен алмастыру арқылы алгебралық теңдеу алу, шыққан теңдеуді шешу, алгебралық теңдеудің табылған түбірлерін алмастырылған теңдікке қойып, алғашқы айнымалының мәндерін анықтау, табылған мәндердің берілген теңдеуді қанағаттандыратынын тексеру, берілген теңдеудің шешімін жазу. Кейбір көрсеткіштік теңдеулерді шешу барысында логарифмнің қасиеттері қолданылатындары кездеседі. Мұндай теңдеулерді шешу үшін тек қасиеттерін, логарифмдік теңдеулерді шешу әдістерін жете меңгеру талап етіледі.

Кілттік сөздер: Көрсеткіштік теңдеулер, логарифмдік теңдеулер

Кейбір көрсеткіштік теңдеулерді шешу барысында логарифмнің қасиеттері қолданылатындары кездеседі. Мұндай теңдеулерді шешу үшін тек қасиеттерін, логарифмдік теңдеулерді шешу әдістерін жете меңгеру талап етіледі.

Бірнеше мысалдар келтірейік.

1-мысал $2^x = 5$ теңдеуін шешіңіз. [2]

Теңдеудің екі жағын бірдей негізді дәреже түрінде өрнектеуге болады. Логарифмдеуді пайдаланайық.

$$a^{\log_a b} [2]$$

Формуласын еске түсірейік.

Берілген теңдеуді шешу үшін дәреже негізі етіп 2-ні аламыз. Ендеше 5-ті 2-нің дәрежесі түрінде өрнектеу керек. (1) формуланы пайдаланайық, сонда

$$5 = 2^{\log_2 5}$$

Ендеше , берілген теңдеуді онымен барабар

$$2^x = 2^{\log_2 5}$$

Теңдеуімен алмастырамыз. Осыдан $x = \log_2 5$ болады.

x-тің анықталу облысы нақты сандар жиыны екенін ескерсек, берілген теңдеудің жауабы осы болады.

Берілген теңдеуді шешудің екінші түрі. Теңдеудің екі жағын негізін 2 етіп алып, логарифмдейміз.

Берілген теңдеуді шешудің екінші түрі. Теңдеудің екі жағын негізін 2 етіп алып, логарифмдейміз.

$$\log_2(2^x) = \log_2 5 \quad [3]$$

$$\text{Осыдан } x \log_2 2 = \log_2 5; \quad x = \frac{\log_2 5}{\log_2 2} = \frac{\log_2 5}{1} = \log_2 5; \quad x = \log_2 5$$

2-мысал. $3^{x-5} = 7$ теңдеуін шешеміз. [4]

Шешуі: x кез келген нақты мәнді қабылдай алады. Берілген теңдеуді көрсеткіштік теңдеуді шешудің негізгі әдісін қолданып шығарайық. Дәреженің негізі етіп 3-ті алғанымыз қолайлы. 7-ні 3-тің дәрежесі арқылы өрнектейік: $7 = 3^{\log_3 7}$ болатындықтан, берілген теңдеуімізді, оған барабар $3^{x-5} = 3^{\log_3 7}$

теңдеуіменалмастырамыз, сонда $3^{x-5} = 3^{\log_3 7}$

осыдан $x = 5 + \log_3 7$ болады.

3-мысал. $3^{x^2-4} = 5^{2x}$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі: x -тің анықталу облысы нақты сандар жиыны. Негізгі теңбе-теңдікті қолданайық. 5 санын үш арқылы өрнектейік: $5 = 3^{\log_3 5}$

Ендеше, теңдеуіміз мынадай түрге енеді: $3^{x^2-4} = (3^{\log_3 5})^{2x}$

Немесе $3^{x^2-4} = 3^{2x \cdot \log_3 5}$

Осыдан $x^2 - 4 = 2x \cdot \log_3 5$

Немесе $x^2 - 2 \log_3 5 \cdot x - 4 = 0$ [5]

Бұл x -қа қарасты квадрат теңдеу. Соны шешейік.

4-мысал. $5^{1-2x} = 7$ теңдеуін шешу керек.

Шешуі. 7 санын 5 арқылы өрнектейік:

$$7 = 5^{\log_5 7}$$

Ендеше теңдеу мынадай түрге келеді:

$$5^{1-2x} = 5^{\log_5 7}$$

Осыдан $1 - 2x = \log_5 7$

x -ты табамыз: $x = \frac{1 - \log_5 7}{2}$

5-мысал. $x^{\frac{\log x + 5}{3}} = 10^{5 + \log x}$ [6]

Шешуі. $x > 0$ болуы тиіс.

Логарифмді қолданбаса мұндай теңдеулерді шешу қиын. Теңдеудің сол жағында тұрған дәреженің негізі x -ті 10 саны арқылы өрнектейік: $x = 10^{\log x}$

Енді теңдеуіміз мына түрде жазылады:

$$(10^{\log x})^{\frac{\log x + 5}{3}} = 10^{5 + \log x}$$

Немесе $(10^{\log x})^{\frac{\log x(\log x + 5)}{3}} = 10^{5 + \log x}$

Осыдан $\frac{\log(\log x + 5)}{3} = \frac{5 + \log x}{1}$

$$\log^2 x + 5 \log x = 15 + 3 \log x$$

$$\log^2 x + 2 \log x - 15 = 0$$

$\log x = y$ деп белгілейміз.

$$y^2 + 2y - 15 = 0$$

Осыдан $y_1 = -5$; $y_2 = 3$ болып шығады.

Орнынақойсақ: $\log x = -5 \Rightarrow x = 0,00001$

$$\log x = 3 \Rightarrow x = 1000$$

Айнымалысы дәреженің көрсеткішінде болатын теңдеуді көрсеткіштік теңдеу деп атайды.

$$2^x = \frac{1}{16}; \quad \sqrt[3]{5^x} = \frac{1}{\sqrt[3]{125}}; \quad 3^{x+1} + 3^x = 108 \text{ және т.б.}$$

Көрсеткіштік теңдеулер үш жолмен шығарылады: бірдей негізге келтіру, жаңа айнымалы еңгізу әдісі, графиктік тәсіл.

Бірдей негізге келтіру тәсілімен көрсеткіштік теңдеулерді шығару алгоритмі: теңдеудің екі жақ бөлігін де бірдей негізге келтіру, теңдеудің сол жақ бөлігіндегі дәреженің көрсеткішін оң жақ бөлігіндегі дәреже көрсеткішіне теңестіріп, мәндес теңдеу алу, шыққан теңдеуді шешу, табылған түбірлерді берілген теңдеуге қойып тексеру, берілген теңдеудің шешімін жазу.

Мысал. 1. $27^x = \frac{1}{81}$ теңдеуін шешейік. [1]

Шешуі: 1) Теңдеудің екі жақ бөлігін де бірдей негізге, яғни 3 негізіне келтіреміз: $3^{3x} = 3^{-4}$;

2) дәрежелердің көрсеткіштерін теңестіреміз: $3x = -4$;

3) шыққан теңдеуді шешіп, $x = -\frac{4}{3}$ аламыз;

4) айнымалының табылған мәнінің берілген теңдеуді қанағаттандыратынын анықтаймыз: $27^{-\frac{4}{3}} = \frac{1}{81}$ немесе $\frac{1}{\sqrt[3]{27^4}} = \frac{1}{81}$; $\frac{1}{\sqrt[3]{12^{12}}} = \frac{1}{81}$; $\frac{1}{81} = \frac{1}{81}$; $\frac{1}{\sqrt[3]{3^{12}}} = \frac{1}{81}$; . Табылған

мән теңдеуді қанағаттандырады. *Жауабы:* $-\frac{4}{3}$

Көрсеткіштік теңдеулерді жаңа айнымалы енгізу әдісімен шығару алгоритмі: айнымалыларды жаңа айнымалымен алмастыру арқылы алгебралық теңдеу алу, шыққан теңдеуді шешу, алгебралық теңдеудің табылған түбірлерін алмастырылған теңдікке қойып, алғашқы айнымалының мәндерін анықтау, табылған мәндердің берілген теңдеуді қанағаттандыратынын тексеру, берілген теңдеудің шешімін жазу.

Мысал. 2. $3^{2x+5} = 3^{x+2} + 2$ теңдеуінің түбірлерін табайық.

Шешуі: Алдымен теңдеудегі дәрежелерді түрлендіреміз: $3^{2x+5} = 3^{2x} \cdot 3^5 = 243 \cdot 3^{2x}$ және $3^{x+2} = 3^x \cdot 3^2 = 9 \cdot 3^x$.

Сонда берілген теңдеу $243 \cdot 3^{2x} - 9 \cdot 3^x - 2 = 0$ түріне келеді.

$y = 3^x$, мұндағы $y > 0$, жаңа айнымалысын еңгізіп, соңғы көрсеткіштік теңдеуді былай жазамыз: $243y^2 - 9y - 2 = 0$, бұдан $y_1 = \frac{1}{9}$, $y_2 = -\frac{2}{27}$ түбірлерін аламыз. $y_2 = -\frac{2}{27}$ теріс.

$y > 0$ болғандықтан, $y_1 = \frac{1}{9}$ жағдайыда ғана x -тің мәнін табамыз.

Табылған $y_1 = \frac{1}{9}$ мәнін $y = 3^x$ теңдігіне қоямыз: $\frac{1}{9} = 3^x$ немесе $3^{-2} = 3^x$, бұдан $x = -2$.

Графиктік тәсіл $a^x = b$ түріндегі көрсеткіштік теңдеудегі b санын a санының дәрежесі түрінде алмастыруға болмайтын жағдайда қолданылады. Мұндай теңдеудің түбірін анықтау үшін $f(x) = a^x$ және $g(x) = b$ функцияларының графиктерін бір координаталық жазықтыққа салып, қиылысу нүктелерін анықтаймыз. Қиылысу нүктелерінің абциссалары берілген көрсеткіштік теңдеудің түбірлері болады.

Көрсеткіштік теңдеулер жүйесін шешуді қарастырайық.

Мысал.
$$\begin{cases} 3 \cdot 2^x + 2 \cdot 3^y = \frac{11}{4} \\ 2^x - 3^y = -\frac{3}{4} \end{cases}$$
 теңдеулер жүйесін шешу. [1]

Шешуі: Екінші теңдеудің екі жақ бөлігін мүшелеп 2-ге көбейтеміз:

$$\begin{cases} 3 \cdot 2^x + 2 \cdot 3^y = \frac{11}{4} \\ 2 \cdot 2^x - 2 \cdot 3^y = -\frac{6}{4} \end{cases}$$

Енді жүйенің теңдеулерін мүшелеп қосамыз: $5 \cdot 2^x = \frac{5}{4}$ немесе $2^x = 2^{-2}$, бұдан $x = -2$

$x = -2$ мәнін жүйенің екінші теңдеуіне қойып, y айнымалысының мәнін анықтаймыз:

$$2^{-2} - 3^y = -\frac{3}{4}, \quad 3^y = 1, \quad 3^y = 3^0, \quad y = 0$$

Жауабы: $(-2; 0)$

Мысал. 4.
$$\begin{cases} 2^x \cdot 3^y = 12 \\ 2^y \cdot 3^x = 18 \end{cases}$$
 теңдеулер жүйесін шешейік. [7]

Шешуі: 1-тәсіл. Теңдеулер жүйесінің бірінші теңдеуін мүшелеп екінші теңдеуге көбейтеміз.

Бұдан $2^x \cdot 3^y \cdot 2^y \cdot 3^x = 12 \cdot 18$,

$$2^{x+y} \cdot 3^{x+y} = 216$$

$$(2 \cdot 3)^{x+y} = (2 \cdot 3)^3 \text{ немесе } x + y = 3.$$

y айнымалысын x айнымалысы арқылы өрнектейміз: $y = 3 - x$.

Табылған y -тің өрнегін бірінші теңдеуге қоямыз:

$$2^x \cdot 3^{3-x} = 12, \quad \frac{2^x}{3^{x-3}} = 12, \quad \frac{2^x}{3^x \cdot 3^{-3}} = 12, \quad \left(\frac{2}{3}\right)^x = \frac{12}{27}, \quad \left(\frac{2}{3}\right)^x = \left(\frac{2}{3}\right)^2 \text{ немесе } x = 2.$$

Ендеше, $y = 3 - 2 = 1$

Теңдеулер жүйесінің шешімі: $(2; 1)$

2-тәсіл. Жүйенің бірінші теңдеуін мүшелеп екінші теңдеуге бөлеміз:

$$\frac{2^x \cdot 3^y}{2^y \cdot 3^x} = \frac{12}{18}, \quad 2^x \cdot 3^y \cdot 2^{-y} \cdot 3^{-x} = \frac{2}{3}, \quad 2^{x-y} \cdot 3^{y-x} = \frac{2}{3}, \quad \frac{2^{x-y}}{3^{x-y}} = \frac{2}{3}, \quad \left(\frac{2}{3}\right)^{x-y} = \left(\frac{2}{3}\right)^1$$

немесе $x - y = 1$.

Енді y айнымалысы x айнымалысы арқылы өрнектеп, $y = x - 1$ өрнегін теңдеулер жүйесіндегі теңдеулердің біреуіне қойып, теңдеулер жүйесінің шешімін $(2; 1)$ аламыз.

Жауабы: $(2; 1)$

5 Мысал: Теңдеулер жүйесін шешіндер

$$\begin{cases} 5^x + 5^y = 30 \\ 5^x - 5^y = 20 \end{cases} \quad 2 \times 5^x = 50 \quad 5^x = \frac{50}{2} \quad 5^x = 25 \quad x = 2 \quad y = 1$$

Көрсеткіштік теңдеулерге мысалдар

№1. $8^x = 16 \quad 2^{3x} = 2^4 \quad 3x = 4 \quad x = \frac{4}{3}$ [1]

№2 $4^x = 256 \quad 4^x = 4^4 \quad x = 4$

$$\text{№3} \quad 25^x = \frac{1}{5} \quad 5^{2x} = 5^{-1} \quad 2x = -1 \quad x = -\frac{1}{2}$$

$$\text{№4} \quad 2^x = \frac{1}{32} \quad 2^x = 2^{-5} \quad x = -5$$

$$\text{№5} \quad 4^{3-2x} = 4^{2-x} \quad 3-2x = 2-x \quad -2x+x = 2-3 \quad x = 1$$

$$\text{№6} \quad 5^{x+1} = 125 \quad 5^{x+1} = 5^3 \quad x+1 = 3 \quad x = 2$$

$$\text{№7} \quad 2^{x-2} = 1 \quad 2^{x-2} = 2^0 \quad x-2 = 0 \quad x = 2$$

$$\text{№8.} \quad 2^x + 2^{x+1} = 12 \quad 2^x + 2^x \times 2 = 12 \quad 2^x(1+2) = 12 \quad 2^x = 4 \quad x = 2$$

$$\text{№9.} \quad 3^x + 3^{x+1} + 3^{x+2} = 117 \quad 3^x + 3^x \times 3 + 3^x \times 9 = 117 \quad 3^x(1+3+9) = 117 \quad 3^x \times 13 = 117 \quad 3^x = 9 \quad x = 2$$

$$\text{№10.} \quad 7^{x+2} - 7^x = 336 \quad 7^x \times 49 - 7^x = 336 \quad 7^x(49-1) = 336 \quad 7^x \times 48 = 336 \quad 7^x = 7 \quad x = 1$$

$$\text{№11} \quad 5^{x-2} - 5^{x-1} + 5^x = 21 \quad 5^x \times \frac{1}{25} - 5^x \times \frac{1}{5} + 5^x = 21 \quad 5^x \left(\frac{1}{25} - \frac{1}{5} + 1 \right) = 21$$

$$5^x \left(\frac{1-5+25}{25} \right) = 21 \quad 5^x \times \frac{21}{25} = 21 \quad 5^x = 21 \times \frac{25}{21} \quad 5^x = 5^2 \quad x = 2$$

$$\text{№12} \quad 3^{2x+1} = 9^{2x} \quad 3^{2x+1} = 3^{4x} \quad 2x+1 = 4x$$

$$2x+1-4x = 0 \quad -2x = -1 \quad x = \frac{1}{2}$$

$$\text{№13} \quad 2 \times 9^x - 3^{x+1} - 9 = 0 \quad 2 \times 3^{2x} - 3^x \times 3 - 9 = 0$$

$$2 \times y^2 - 3y - 9 = 0; \quad 3^x = y; \quad D = 9 + 4 \times 2 \times 9 = 81$$

$$y_{1,2} = \frac{3 \pm 9}{2 \times 2} = \begin{cases} 3 \\ -\frac{6}{4} \end{cases}, \quad 3^x = 3 \quad x = 1$$

$$\text{№14} \quad 2 \times 2^{2x} - 3 \times 2^x - 2 = 0; \quad 2^x = z/1/$$

$$2 \times z^2 - 3z - 2 = 0 \quad D = 9 - 4 \times 2 \times (-2) = 25 \quad z_{1,2} = \frac{3 \pm 5}{2 \times 2} = \begin{cases} 2 \\ -\frac{1}{2} \end{cases}$$

$$2^x = 2 \quad x = 1$$

$$\text{№15} \quad 25^x - 26 \times 5^x + 25 = 0; \quad 5^x = z \quad 5^{2x} - 26 \times 5^x + 25 = 0 \quad z^2 - 26z + 25 = 0$$

$$D = \sqrt{26^2 - 4 \times 25} = \sqrt{576} = 24, \quad z_{1,2} = \frac{26 \pm 24}{2} = \begin{cases} 25 \\ 1 \end{cases}$$

$$5^x = 25, \quad x = 2, \quad 5^x = 1; \quad 5^x = 5^0; \quad x = 0 \quad \text{Жауабы: } (1; 0)$$

Әдебиеттер тізімі

1. А.Е. Әбілқасымова, В.Е.Корчевский, З.Ә Жұмағұлова. Алгебра және анализ бастамалары. 11 сынып. Жаратылыстану математика бағыты бойынша. Алматы. Мектеп, 2020, 64 б.
2. Бүкібаева К. Көрсеткіштік логарифмдік теңдеуді шешу. // Информатика, физика, математика, 1997, №4, Б. 54-57.
3. Е.С.Кочетков, Е.С.Кочеткова Алгебра и элементарные функции. Ч.2. М.: Просвещение, 1986, 285 с.
4. М.К Изтлеуов, А.И.Беккужина, Н.К. Жалимбетова, А.Б.Ахметова Математика Ақтобе : Полиграфия, 2005, 450 с.
5. С.Қаниев, С.Елубаев Математикадан конкурстық есептер Алматы: Ғылым, 1985, 182 б.

6. Т.К.Оспанов, С. Егизбаев Алгебраны оқыту нәтижелерін тақырып бойынша тексеруді ұйымдастыру. Алматы: Мектеп, 1985, 132 б.

7. И.Ф. Шарыгин Факультативный курс по математике решение задач. М.: Просвещение 1989, 350 с.

Аннотация

Показательные уравнения выводятся тремя способами: метод введения новых переменных, графический метод, алгоритм решения показательных уравнений одним и тем же методом, один и тот же базис для обеих сторон уравнения, приравнивая показатель в левой части уравнения к показателю в правой, получить эквивалентное уравнение, решить полученное уравнение, проверить найденные корни в заданном уравнении, написать решение заданного уравнения. Алгоритм решения экспоненциальных уравнений путем ввода новой переменной: получение алгебраического уравнения путем замены переменных новой переменной, решение полученного уравнения, помещение найденных корней алгебраического уравнения в подставляемое уравнение, определение значений первой переменной, запись решения данного уравнения. Можно использовать свойства логарифма при решении некоторых экспоненциальных уравнений. Для решения таких уравнений необходимо владение только свойствами, методами решения логарифмических уравнений.

Abstract

The exponential equations are derived in three ways: the method of introducing new variables, the graphical method, the algorithm for solving the exponential equations by the same method, the same basis for both sides of the equation, equating the exponent on the left side of the equation with the exponent on the right, obtain an equivalent equation, solve the resulting equation, check the found roots in the given equation, write the solution to the given equation. Algorithm for solving exponential equations by introducing a new variable: obtaining an algebraic equation by replacing variables with a new variable, solving the resulting equation, placing the found roots of the algebraic equation in the substituted equation, determining the values of the first variable, writing the solution to this equation. You can use the properties of the logarithm when solving some exponential equations. To solve such equations, it is necessary to know only properties, methods of solving logarithmic equations.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES

UDC 330.131.7:334.012.61

A.B. Aidarova, N.M. Marat

candidate of Economic Sciences, Associate Professor (Associate Professor), M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
master's student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
ab_moon@mail.ru

**METHODS OF RISK REDUCTION IN ENTREPRENEURSHIP AND ENSURING
ECONOMIC SECURITY OF THE ENTERPRISE**

Abstract

In modern conditions, the problem of economic security is relevant, since enterprises operate in conditions of various external and internal risks, and the competitive economic environment hides many risks. This situation requires enterprise management entities to create a comprehensive system aimed at improving the level of economic security.

In the West, even in relatively stable economic conditions, economic entities pay special attention to risk management issues. At the same time, in the economy of Kazakhstan, the problems of analysis and management of a complex of risks arising in the process of their economic activity, factors of economic instability and without which make it difficult to effectively manage enterprises, clearly insufficient attention is paid.

Until recently, this approach prevailed not only in enterprises of the real sector of the economy, but also in financial and credit institutions. The issue of risk management was given special attention only after the financial crisis, which clearly demonstrated the seriousness of this problem in Kazakhstan.

The article considers the scheme for selecting risk reduction tools, the risk management process, the classification of the economic security of an enterprise by risk groups and the main features of the economic security management system.

Key words: entrepreneurship, risk, entrepreneurial risk, enterprise, economic security

One of the methods of improving the security of commercial activities of the enterprise is the creation of an effective risk management system. The problem of analysis, evaluation and Risk Management in the implementation of production activities of enterprises is currently one of the main problems in the economy of Kazakhstan. The changes that have taken place in the economy of Kazakhstan in recent years have identified a number of controversial and urgent problems that are theoretical and applied in nature and are extremely important for the stable functioning and development of the industrial sector of the economy.

Currently, the company is considered to be on the verge of bankruptcy if the company does not make a profit, and even more so if there is no return on the invested funds.

Therefore, effective use of funds and taking into account the risk factor is an important condition for the company's activities. In the context of market relations, the role and significance of individual elements of the management process has changed dramatically, so abstract approaches to their analysis, evaluation and organization at the enterprise are also changing. Each of the risk reduction tools has both certain advantages and disadvantages. Therefore, the "click" combination of these risk reduction tools is often used. When choosing risk reduction tools, special schemes similar to Table 1 below are used as a guide[1].

Table 1-scheme for selecting risk reduction tools

Possible losses of profit and resources	Probability of a crisis situation		
	high	average	low
Comparable to the amount of project assets	cancellation of the project	cancellation of the project	analysis of ways to reduce risk
Not more than the amount of settlement revenue	preventive measures	risk insurance	risk insurance
No more than the amount of estimated profit	preventive measures	reservation, application of self-insurance policy	

The final stage of the analysis of risk reduction tools is the development of a general project risk management plan.

The entire risk management process can be represented as follows (Fig. 1):




Fig. 1 - Risk management process

The stage of setting risk management goals is characterized by the use of methods for analyzing and predicting the economic situation, identifying the capabilities and needs of the enterprise as part of the strategy and current plans for its development[2].

The experience of leading international companies clearly proves that improving the sustainability of business development and the efficiency of management as a component of the company's management system is impossible without actively using the risk management system, regardless of the volume of production or the specifics of the provision of services.

The risk management system (risk management system) is aimed at obtaining the necessary balance between income and expenses and is aimed at becoming an integral part of the organization's management system, that is, it should be integrated into the overall policy of the company, its business plans and activities. The use of the risk management system will be effective only if this condition is met. Risk management implies the creation of a culture and business infrastructure necessary for: identification of the causes and main risk factors; identification,

analysis and risk assessment; making decisions based on the accepted assessment; developing risk control measures; reducing risk to an acceptable level; organizing the implementation of the planned program; monitoring the implementation of planned activities; analyzing and evaluating the results of risk resolution.

Risk management requires a clear distribution of responsibilities and powers necessary for making managerial decisions. Senior management is solely responsible for risk management. Its distinctive feature is the distribution of responsibility and authority among the relevant employees.

Risk management depends on the effective process of interaction between risk management participants. The risk management process is carried out in the internal and external environment of entrepreneurship, so it is necessary to interact with internal and external participants in this process. In order to fully ensure risk management, it is necessary, first of all, to establish effective interaction within the Organization[3].

No enterprise is insured against the emergence and negative impact of economic risks. The only thing that will help to avoid catastrophic consequences is the careful identification of potential risks for production, their assessment and analysis, as well as the development of programs to prevent, minimize and eliminate their harmful effects, the use of various hedging schemes can completely eliminate, firms influence market risk on their activities and thus increase the sustainability of their activities.

Thus, risks affect various aspects of the enterprise, and as a rule, the impact is negative. The presence of a risk factor and its impact on an enterprise in crisis is particularly harmful. Work to stabilize the situation should begin with risk management, that is, develop and implement economically advantageous proposals for the enterprise and measures aimed at reducing the financial costs associated with the risk.

Security is a state of protection of the vital interests of a person, society and the state from internal and external threats. In turn, vital interests include a set of needs, the satisfaction of which ensures the existence and possibility of progressive development of the individual, society and the state. Many types of threats and threats define many types of security: economic, political, information, and so on.

Economic security is a synthetic category of political economy and political science, closely related to the categories of "economic independence and dependence, stability and vulnerability", "economic pressure", "extortion", "coercion and aggression", "economic sovereignty", etc.

The system of ensuring the economic security of an enterprise protects its activities from existing or projected threats. At the same time, risks to the economic security of the enterprise are unpredictable and may arise. There may be a threat to the economic security of enterprises that cannot be accurately predicted.

As a rule, the reason for the negative deviation of the actual development of the enterprise from what is indicated in the strategic plan is the beginning of one of the above situations. Therefore, risk is an unpredictable threat to the economic security of the enterprise and the stability of its operation [7].

The following risk groups of economic security of the enterprise are indicated (Fig. 2):




Fig. 2 - Risk groups of economic security of the enterprise

Thus, the task of the system for ensuring the economic security of the enterprise is to analyze the risks of the economic security of the enterprise, as well as assess the degree of their impact on the activities of the enterprise and prevent exceeding the permissible limits [6].

In the economic security management system of an enterprise, its risks can be classified according to the following main features: risk of reducing financial stability; risk of insolvency; tax risk; credit risk; deposit risk; currency risk; inflation risk; investment risk; criminogenic risk; interest risk; other types of risk[4]. To ensure economic security, the company uses a set of its corporate resources. Corporate resources are business factors used by enterprise owners and managers to achieve business goals[5].

The main reason for the need to ensure the economic security of the enterprise is the task facing each enterprise to achieve the stability of its functioning and create growth prospects for the implementation of the goals of this business.

References

1. Kleiner G. Risks of industrial enterprises//Russian economic journal.2014 - № 5-6 – p.85-92
2. Koshkin V. I. et al. Anti-crisis management: 17-module program for managers "organization development Management". Module 11. - Mu: INFRA-M, 2012. - 512 p.
3. Lyalin V. A., Vorobyov P. V. Financial management (financial management of the company). - St. Petersburg: Yunost, Petropavlovsk, 2006.
4. Stanislavchik E. N. Risk management at the enterprise. Theory and practice. Moscow: "Axis-89", 2012. 80 p.
5. Financial analysis of the firm's activities. - Moscow: Crocus international, 2007.
6. Business Code of the Republic of Kazakhstan the Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015 No. 375-V Sam.
7. State Regional Development Program for 2020-2025. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No. 990.

Түйін

Қазіргі жағдайда экономикалық қауіпсіздік проблемасы өзекті болып табылады, өйткені

кәсіпорындар әртүрлі сыртқы және ішкі тәуекелдер жағдайында жұмыс істейді, ал бәсекелестік экономикалық орта көптеген қатерлерді жасырады. Бұл жағдай кәсіпорынды басқару субъектілерінен экономикалық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған кешенді жүйе құруды талап етеді.

Батыста, тіпті салыстырмалы тұрақты түрде экономикалық жағдайларда да, шаруашылық жүргізуші субъектілер тәуекелдерді басқару мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар, Қазақстан экономикасында, экономикалық тұрақсыздық факторлары және онсыз кәсіпорындарды тиімді басқаруды қиындататын, олардың экономикалық қызметі үдерісінде туындайтын тәуекелдер кешенін талдау және басқару проблемалары, айқын жеткіліксіз назар аударылады.

Соңғы уақытқа дейін мұндай тәсіл экономиканың нақты секторының кәсіпорындарында ғана емес, сондай-ақ қаржы-несие ұйымдарында да басым болды. Тәуекелдерді басқару мәселесіне тек қаржы дағдарысынан кейін ғана жіті назар аударылды, ол Қазақстандағы осы проблеманың барлық өткірлігін айқын көрсетті.

Мақалада тәуекелді төмендету құралдарын таңдау схемасы, тәуекелдерді басқару үдерісі, кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігінің тәуекел топтары және экономикалық қауіпсіздігін басқару жүйесіндегі негізгі белгілері бойынша жіктемесі қарастырылған.

Аннотация

В современных условиях проблема экономической безопасности является актуальной, так как предприятия работают в условиях различных внешних и внутренних рисков, а конкурентная экономическая среда скрывает множество рисков. Данное обстоятельство требует от субъектов управления предприятием создания комплексной системы, направленной на повышение уровня экономической безопасности.

На Западе даже в относительно стабильных экономических условиях хозяйствующие субъекты уделяют особое внимание вопросам управления рисками. Вместе с тем, в экономике Казахстана уделяется явно недостаточное внимание проблемам анализа и управления комплексом рисков, возникающих в процессе их экономической деятельности, затрудняющих эффективное управление предприятиями с факторами экономической нестабильности и без них.

До недавнего времени такой подход преобладал не только на предприятиях реального сектора экономики, но и в финансово-кредитных организациях. Особое внимание было уделено вопросам управления рисками только после финансового кризиса, который наглядно продемонстрировал всю остроту этой проблемы в Казахстане.

В статье рассмотрены схема выбора инструментов снижения рисков, процесс управления рисками, классификация экономической безопасности предприятия по группам рисков и основные особенности системы управления экономической безопасностью.

ӘОЖ 332.1(574)(1—25)

А. Ахметалықызы

Магистрант, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ҚАЛА АУМАҚТАРЫНЫҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ ДАМУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ФАКТОРЛАРЫ

Түйін

Мақалада ірі қала аумақтарының тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ қазіргі заманғы техногендік қоғамның ең өзекті тақырыптарының бірі болып табылатын оның мақсаттарына қол жеткізу жолындағы негізгі проблемалар көтеріледі. Әр түрлі масштабтағы индикаторлар жүйесі арқылы даму тұрақтылығын бақылау әдістері қарастырылады. Қазіргі әлемде тұрақты дамуды қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі ретінде аумақтарды экологияландыру проблемаларына ерекше назар аударылады. Мысал ретінде қарау үшін Шымкент қаласы таңдалды. Оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау мақсатында тұрақты даму индикаторларының қолданыстағы базалық жүйесіне егжей-тегжейлі талдау жүргізілді. Қала аумақтарының даму тұрақтылығын кешенді объективті бағалау үшін қажетті критерийлер айқындалды. Сонымен қатар,

экологиялық жағдайды бағалау бойынша басталған жұмыстың, сондай-ақ Шымкент қаласын көгалдандыру жүйесінің алғашқы нәтижелері келтіріліп, ұсыныстар берілді.

Кілттік сөздер: аумақтардың тұрақты дамуы, тұрақты даму индексі, экологияландыру, тұрақты даму индикаторлары, көгалдандыру, экология, қоршаған орта, қала құрылысы, IoT технологиясы ақпараттық жүйелер.

Кіріспе

Әлемдік урбанизация жылдам қарқынмен жалғасуына байланысты қалалар мен мегаполистерде тұратын халықтың үлесі тез өсуде [1]. Қазіргі әлемде елдердің бәсекеге қабілеттілігін салалар емес, бір-бірімен инвестициялар тарту бойынша және адами капитал үшін де бәсекеге түсетін ірі қалалар анықтайды. Қазірдің өзінде қалаларда әлемдік ЖІӨ-нің 80% - дан астамы өндірілуде [2].

2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында республикамыздың 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөнінде жаңа стратегиялық мақсат қойылғанын ескерсек, Қазақстан үшін әлемдік деңгейдегі ірі қалалардың қалыптасуына ықпал ету және урбандалу процестерін ынталандыру өте маңызды болып отыр [3].

Қазіргі таңда Қазақстандағы осындай ірі қалалардың бірі - Орталық Азияның экономикалық өсуі мен даму орталығы болу үшін зор әлеуеті мен барлық мүмкіндіктері бар оңтүстік аймақта орналасқан Шымкент қаласы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» № 702 Жарлығына сәйкес Шымкент қаласы ресми түрде республикалық маңызы бар қалалардың санатына жатқызылды. Сондай-ақ, Елбасы Шымкент қаласы біздің еліміздің ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің инвестиция, технология және зияткерлік ресурстарын тартудың жаңа орталығына айналатынын атап өткен болатын. Осыған байланысты Шымкент қаласының тұрақты дамуы елдің экономикалық даму құрылымында әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті және индустриялық-инновациялық агломерацияларды құруда маңызды рөл атқаратыны айқын.

Теориялық талдау

Жаппай урбанизация дәуіріне енетін дамушы елдерге қатысты тұрақты даму процесі өнімділік пен өмір сүру деңгейінің айтарлықтай өсуін қамтамасыз ете алады, алайда ол экологиялық және басқа да тәуекелдерді тудыруы мүмкін, бұл көбінесе қол жеткізілген оң нәтижелерді жоққа шығаруы мүмкін. Нарықтық экономикасы қалыптасып келе жатқан көптеген мемлекеттер қазірдің өзінде тұрақты дамуға, яғни қоршаған орта мен табиғи ресурстарға залал келтірмей өмір сүру сапасын арттыруды қамтамасыз ететін экономикалық өсуге ұмтылуда.

Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жолында тұрған бірқатар проблемалар бар. Олардың негізгілері: азық-түлік және су ресурстарының жетіспеушілігі, топырақ пен атмосфераның ластануы, орманның азаюы, адам іс-әрекеті кезінде пайда болған қалдықтар санының өсуі сияқты жер популяциясының өсуінің салдарымен байланысты проблемалар. Сонымен қатар, қазіргі қоғам үшін энергия ресурстарының сарқылуы, биологиялық әртүрліліктің төмендеуі және экожүйелердің тұрақтылығының бұзылуы сияқты маңызды проблемалар бірінші орынға шығады [4].

Әлемде аумақтарды тұрақты дамыту саясатының негізгі бағыттарын іске асыруда қоршаған ортаны жойқын антропогендік және техногендік әсерлерден қорғау, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға көшу қажеттілігі бар. Тұрақты дамудағы экономиканың өсуі, өркениеттің, замнауи технологиялардың және тұтастай алғанда адам

өмірінің сапасының дамуы жалпы алғанда табиғи ресурстарының сарқылмай қоршаған ортамен үйлесімде жүруі тиіс. Дегенмен, халық санының ұдайы өсуі адам игіліктерінің индустриялық өндірісін үнемі кеңейтуді талап етеді. Мысалы, азық-түліктің тұрақты өндірісі жыл сайын топырақтың тозуына әкеледі, жер популяциясының өсуі биосфераға әсер етудің негізгі факторы болып табылады, халықтың өсуі қажеттіліктердің артуына алып келеді, оны қанағаттандыру үшін адамзат биосфераға орны толмас зиян келтіруде.

XXI ғасырдың маңызды қайшылықтары мен негізгі проблемаларын шешу үшін бір жағынан халыққа жаңа экономикалық мүмкіндіктер беру, екінші жағынан – қоршаған ортаға жүктемені және әлеуметтік теңсіздікті азайту қажет. Бұл мәселені шешу үшін адамзат қоғамдастығының тұрақты даму тұжырымдамасы ұсынылды, ол мемлекеттердің экономикалық даму қарқынын олардың аумақтарындағы және тұтастай алғанда планетадағы экожүйелердің мүмкіндіктері мен өнімділігімен байланыстыруы керек еді. Рио-92 форумында "XXI ғасырға арналған күн тәртібі" деген жалпы атау алған стратегиялық іс-қимыл жоспары қабылданды. Оның ең маңызды қағидаттарының бірі-адамзаттың дамуы қоршаған ортаны қорғау мен даму процестерін бұзбай, қазіргі және болашақ ұрпақтардың игілігі үшін олармен үйлесімде болуы керек [5]. "Күн тәртібінде" аумақтардың сәулет және қала құрылысын дамыту бойынша бірқатар ұсынымдар бар. Оларға сәйкес аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін сәулет дизайнында ескерілуі керек негізгі принциптерді бөліп көрсетуге болады. Атап айтқанда, жергілікті экологиялық таза және қауіпсіз құрылыс материалдарын кеңінен пайдалану, сондай-ақ энергия тиімді жобаларды енгізу ұсынылады. Сондай-ақ, күн, жел, су және биомасса энергиясы сияқты жаңартылатын энергия көздерінің дамуына серпін беруге мүмкіндік беретін ұлттық энергия үнемдеу бағдарламаларын құру қажеттілігін атап өткен жөн. Осыған байланысты энергия тиімді құрылыстар мен объектілер құрылысын ынталандыру үшін инженерлерді, сәулетшілерді, жобалаушыларды, мердігерлерді және олардың тапсырыс берушілерін көтермелеу жүйесі әзірленуі мүмкін. Сонымен қатар, қол жетімді жергілікті құрылыс материалдарын пайдалануға рұқсат беретін және белсендіретін құрылыстағы стандарттар мен ережелерді қайта өңдеу және қабылдау тағы бір ынталандыру бола алады.

Сондай ақ, 2015 жылғы 25 қыркүйекте Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде әлемдік көшбасшылар, соның ішінде мемлекеттер және үкіметтер басшылары кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күресуге, сондай-ақ климаттық өзгерістерге байланысты мәселелерді шешуге бағытталған тұрақты дамудың 17 мақсаттарынан тұратын тізімді (1-сурет) қамтитын 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы Күн тәртібін қабылдаған болатын [6].

17 САНАТ



Сурет 1. Тұрақты даму мақсаттары

Қазіргі таңда қалалардың тұрақты дамуы жоғарыда аталған 17 мақсаттың ішінде қарастырылған. Атап айтқанда, тұрақты дамудың 11-ші мақсаты қалалар мен елдімекендердің тұрақты дамуын қарастырады. Тұрақты даму ұғымы даму тұрақтылықтың үш өлшемі: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік арасындағы тепе-теңдік сақталуымен тікелей байланысты. Яғни тұрақты дамудың негізгі постулатының бірі — бұл қазіргі ұрпақ үшін де, болашақ ұрпақ үшін де дамудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторлары арасындағы мүдделер тепе-теңдігін сақтау, негізгі мақсат-халықтың өмір сүру сапасын жақсарту.

Осыған орай, қалалық аумақтарды тұрақты дамытудың маңызды аспектісі көлік инфрақұрылымы болып табылады. Қала құрылысын жоспарлау алыс сапарларға деген қажеттілікті төмендететіндей болуы тиіс, ал бұл өз кезегінде халықтың жеке автокөлікке деген қажеттілігін азайтуға мүмкіндік береді. Оның орнына тиімді қоғамдық көлікті дамыту ынталандырылуы тиіс, сондай-ақ жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз ету өте маңызды. Бұл сөзсіз қалалық көлік желісіне де, экологиялық жағдайға және адамдардың денсаулығына жағымды әсер етеді.

Тұрақты даму жолындағы тағы бір қадам қала аумақтарындағы құрылыс нысандарының нүктелік орналасуынан бас тарту, қала кеңістігін моноорталықты кеңістікте ұйымдастырудан полиорталыққа біртіндеп көшуді қамтамасыз ету, бұл әлеуметтік-экономикалық және көлік жүктемесінің онтайлы деңгейін жасауға мүмкіндік береді.

Су ресурстарының жетіспеушілігі де маңызды проблема болып қалуда, оның шешімі тұщы судың баламалы көздерін әзірлеуге байланысты. Оларға теңіз суын тұщыландыру, жаңбыр суын жинау, ағынды суларды қайта пайдалану және суды қайта өңдеу кіреді.

Сонымен қатар, қойылған міндеттердің және бірі қалдықтардың пайда болуымен байланысты проблемалар кешенін шешу болып табылады. Оны шешудің ең тиімді әдісі-адамдардың өмір салтын, өндіріс сипатын және тұтастай тұтыну құрылымын мемлекет ынталандыратын қайталама пайдалану, ресайклинг, қалдықтарды қауіпсіз жинау және қайта өңдеу бағдарламаларын енгізу арқылы қол жеткізуге болып табылады.

